Зерттеудің мақсаты – ел экономикасының дамуы үшін үлкен маңызы бар Қазақстан Республикасындағы жұмысқа қабілетті халық арасында жалғасып жатқан экономикалық дағдарыстың және өсіп келе жатқан әлеуметтік күйзелістің әсерін анықтау болып табылады.

Зерттеу әдістемесі. Зерттеу барысында талдау, синтез, индукция, дедукция және салыстыру сияқты жалпы ғылыми әдістер қолданылды. Сондай-ақ, сандық талдаудың арнайы әдісі, оның ішінде бас-тапқы деректерді топтастыру және статистикалық бақылау белсенді қолданылады.

Зерттеудің бірегейлігі / құндылығы жаһандық дағдарыстан туындаған Қазақстан Республикасының экономикасындағы проблемалардың өсуімен және дағдарысқа қарсы менеджменттің қалыптасуымен және дағдарыс жағдайында адами ресурстарды басқару әдістерінің дамуымен байланысты.

Зерттеу нәтижелері. Мақалада дамып келе жатқан экономикалық дағдарыс үрдісінде адами ресурстарын басқаруға қатысты экономикалық талдау әдісі қолданылған, еңбек нарығында қалыптасқан жағдайларға сәйкес персоналдың жұмыс істеу тиімділігін арттыруға және ұйымның еңбек әлеуетін сақтауға бағытталған дағдарысқа қарсы шаралардың негізгі бағыттары ұсынылды.

Түйін сөздер: экономика, дағдарыс, адами ресурстар, басқару.

КІРІСПЕ

Ақпараттандыру дәуірі ретінде сипатталатын экономиканың постиндустриалды даму кезеңіндегі қазіргі жағдайда адами капитал кез-келген озық кәсіпорындағы негізгі құндылық ретінде алдыңғы қатарға шығады және жиынтық байлықтың 42 % құрайды, осыған байланысты дағдарыс жағдайында адами ресурстарын басқару бүгінгі күнге дейін өте маңызды мәселе болып табылады [1]. Адами ресурстар – бұл адамдардың рухани және материалдық тауарларды өндіруге қабілеттілігін анықтайтын әртүрлі қасиеттерінің жиынтығы және әлеуметтік өндірісті дамытудың жалпылама көрсеткіші. Экономикалық дағдарыс жағдайында адами ресурстарын басқарудың дамуын өз еңбектерінде келесідей ғалымдар өз назарын аударады С. Ю. Глазьев, Н. О. Мельников, Н. А. Горелов, Э. М. Короткова, А. Н. Митин, А. Э. Федорова, Ю. А. Токарева, В. И. Кошкин, Л. П. Белых, С. Г. Беляев [2-6].

The Economist Intelligence Unit халықаралық аналитикалық бюросының «экономикадағы, индустриядағы және корпоративтік өмірдегі үрдістер» атты баяндамасында ең жоғары қосылған құн материалдық құрамдас бөлік емес, зияткерлік құн есебінен қол жеткізілетіні атап көрсетілген. Бұл кез-келген жұмыс шығармашылық күштердің үлкен шығындарын талап етеді дегенді білдіреді. Шығармашылық дәстүрлі ойлауды ұстануға қарағанда маңызды болады. Жұмыс берушілер креативтілікті, икемділікті, коммуникабельділікті және проблемаларды тез шешу қабілетін үйлестіре алатын өз персоналының құндылығын бірінші орынға қоюы тиіс. Бұл ерекшеліктер дағдарыс жағдайында кәсіпорын мен оның қызметкерлері үшін өте маңызды. Сондықтан дағдарыс жағдайында адами ресурстарын басқару проблемасының ерекшелігі қолайсыз факторларды бейтараптандыру үшін шапшаң шаралар қабылдау қажеттілігінен туындайды. Адами ресурстар кәсіпорын жүйесінің бөлігі болып табылады және кәсіпорынның тұрақсыз жұмысы кезеңінде стандартты емес міндеттерді қабылдауға және шешуге байланысты бұл секторға ерекше қысым жасалады, бұл қызметкерлерден өз әлеуетін іске асыруды талап етеді, сондықтан қызметкерлер жоғары психологиялық қысым жағдайында жұмыс

істеуге мәжбүр болады. Еңбек қайшылықтары әлеуметтік институттардың барлық түрлерінің қызметінде және ең алдымен, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруда ұжым ішіндегі жеке адамдар және олардың топтары арасындағы өзара әрекеттесуде өте маңызды екенін айта кету керек. Еңбек қайшылықтарын шешу жолдары саласындағы маңызды зерттеулерді А. М. Әшібеков, Ю. И. Банних, Н. В. Климовских, Е. М. Божуков жүргізді [7; 8; 9]. Кез-келген ұйымның персоналының жұмысында еңбек қайшылықтарының пайда болуы оның ажырамас бөлігі болып табылады, өйткені ол олардың кәсіби қызметін жүзеге асыру үрдісінде мүдделер қақтығысын білдіреді және осылайша кәсіпорындағы дағдарыстың қайнар көзі ретінде қалыптасады. Қазіргі менеджментте басқарудың осы мәселесін шешуде көптеген мамандар жұмыс істейді.

ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БӨЛІМІ

Жоғарыда аталған мәселенің маңызды факторы дағдарыс немесе тұрақты жұмыс кезеңіндегі адами ресурстарды басқару кезіндегі әдістер әртүрлілігінде екенін атап өткен жөн. Басқару әдістері – бұл ұйымның жұмыс істеу процесінде олардың қызметін үйлестіру мақсатында ұжымдар мен жеке жұмысшыларға әсер ету тәсілдері. Дағдарыс кезіндегі кез-келген көшбасшы кәсіпорындағы оқиғалардың қалыпты реттілігіне араласуды қажет ететінін түсінуі керек, басқарудың жаңа стилісіз, шиеленісті жағдайға, белгісіздікке, қысқарту қорқынышына байланысты кадрлардың ағымы жоғырылауы мүмкін. Тәжірибелі және оқытылған қызметкерді ұстап қалу білікті басшының басым міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл мәселені шешу кезінде, ең алдымен, жеке кәсіпорын шеңберінде де, тұтастай алғанда республиканың барлық экономикасы бойынша да қолданыстағы статистикалық ақпаратқа сүйену керек, басқарушылық шешімдер қабылдау кезінде оны мұқият талдау қажет, мысалға Қазақстан Республикасының Еңбек ресурстарын дамыту орталығының деректері бойынша, 2021 жылдың бірінші тоқсанында электрондық еңбек биржасында 189,4 мың бос жұмыс орны тіркелген – өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 20,7 %-ға артық.

Бұл ретте, болжамға сәйкес, 2021 жылдың екінші тоқсанынан бастап 2022 жылдың бірінші тоқсанына дейінгі кезеңде электрондық еңбек биржасында пессимистік сценарий бойынша 920 мың бос жұмыс орны туралы, базалық бойынша-1085 мың, оптимистік бойынша – 1246 мың бос жұмыс орны туралы хабарландыру орналастыру күтілуде.

Кез-келген сценарий бойынша бос жұмыс орындарының ең көп саны білікті емес жұмысшыларға тиесілі болады. Олардың саны 253 мыңнан 386 мыңға дейін, ал бос орындардың жалпы санындағы үлесі 27,5 %-дан 35,1 %-ға дейін болады деп күтілуде. Оптимистік және пессимистік сценарийде кәсіби мамандардың үлесі 19 % құрайды, бұл ретте абсолюттік мәнде 36 %-ға ерекшеленеді.

- Негізгі сценарий стандартты есептеу механикасын қолдануды қамтиды.

- Оптимистік сценарийде 2021 жылдың екінші жартыжылдығында кәсіби сұраныс құрылымын қоса алғанда, ЖҚЭБ-дағы еңбекке «коронавирусқа дейінгі» сұраныстың 2020 жылы пандемиясыз қалыптасатын деңгейден жоғары деңгейде қалпына келуі күтілуде.

- Пессимистік сценарийде 2021 жылдың төртінші тоқсанынан бастап кәсіби сұраныс құрылымын қоса алғанда, ЖҚЭБ-ға «коронавирусқа дейінгі» еңбек сұранысын қалпына келтіру күтілуде. Бос жұмыс орындарының болжамды саны төмендегі 1-суретте келтірілген.



Сурет 1 – Бос жұмыс орындарының болжамды саны
Ескерту – [7] дереккөзі негізінде автормен құрастырылған

Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша, 2021 басында Қазақстанда 37 мың бос жұмыс орны ашылды, бұл 2020 жылғы мәліметтерге қарағанда 12,7 %-ға артық. Қызметкерлер санынан бос орындар үлесі 1,5 % құрады.

Кәсіби мамандар үшін бос жұмыс орындарының көпшілігі ашылды – 8,3 мың жыл ішінде олардың саны 4,3 %-ға артты. Олардың басым бөлігін денсаулық сақтау, ғылым және техника, сондай-ақ білім беру саласындағы бос орындар құрады.

Екінші орынды өнеркәсіп, құрылыс, көлік және басқа да ұқсас кәсіптер қызметкерлері үшін бос жұмыс орындары (жылына 7,2 мың, плюс 13 %), үшіншісі – өндірістік жабдық операторлары, жинаушылар мен жүргізушілер үшін бос жұмыс орындары (5,8 мың) алды. Қазақстан Республикасы бойынша 2021 жылдың басына бос жұмыс орындарының саны 1-кестеде ұсынылады.

Кесте 1 – Қазақстан Республикасы бойынша 2021 жыл басына бос жұмыс орындарының саны, мың адам

2021 жыл басындағы бос жұмыс орындарының саны (мың адам)	Барлығы		Нәтижеге дейін өсу		Жұмыскер-лердің жалпы санынан бос жұмыс орындарының үлесі 2021
	2021	2020	2021	2020	
Барлығы	37,0	32,8	112,70 %	1,5	1,5 %
Мамандар кәсіпқойлар	8,3	8,0	104,30 %	0,3	1,2 %
Өнеркәсіпте, құрылыста, көлекте және басқа және байланысты кәсіптердегі жұмысшылар	7,2	6,3	113 %	0,8	2,1 %
Өндірістік жабдықтар операторлары, құрастырушылар және жүргізушілер	5,8	5,8	99,10 %	-0,1	1,6 %
Қызмет көрсету және сату қызметкерлері	5,6	3,5	160,10 %	2,1	2,5 %
Біліктілігі жоқ жұмысшылар	4,2	3,3	128,40 %	0,9	1,4 %
Техник және басқа қолдау көрсететін кәсіби персонал	3,3	3,5	94,20 %	-0,2	1,2 %
Басшылар мен мемлекеттік қызметшілер	1,5	1,3	114,40 %	0,2	1,0 %
Әкімшілік саласындағы қызметкерлер	1,1	1,0	104,30 %	0	1,5 %
Ферма қожалығы мен ауыл және орман шаруашылығы	0,1	0,2	90,10 %	0	0,9 %

Ескерту – [10] дереккөзі негізінде автормен құрастырылған

Жалпы, 2021 жылы тағы да 12,1 мың жұмыскердің қажеттілігі күтіледі, бұл өткен жылмен салыстырғанда 14,7 %-ға аз.

Сондай-ақ, мұнда кәсіби мамандарға деген ең үлкен қажеттілік – 2,7 мың адам күтіледі. Кадрларға деген күтілетін қажеттілік бойынша жетекші үштікке қызмет көрсету, сату және өнеркәсіп, құрылыс, көлік және басқа да ұқсас жұмыс саласының қызметкерлері кіріп отыр. Жұмыскерлерге күтілетін қажеттілігінің жалпы санынан бос жұмыс орындарының үлесі 2-кестеде көрсетілген.

Кесте 2 – Жұмыскерлерге күтілетін қажеттілігінің жалпы санынан бос жұмыс орындарының үлесі, мың адам

Жұмыскерлерге күтілетін қажеттілік (мың адам)	Барлығы		Нәтижеге дейін өсу		Жұмыс-керлердің жалпы санынан бос жұмыс орындарының үлесі 2021
	2021	2020	2021	2020	
Барлығы	12,1	14,2	85,30 %	-2,1	0,5 %

Мамандар кәсіпқойлар	2,7	3,1	87,40 %	-0,4	0,4 %
Қызмет көрсету және сату қызметкерлері	2,4	2,4	100 %	0	1,1 %
Өнеркәсіпте, құрылыста, көлікте және басқа байланысты кәсіптердегі жұмысшылар	2,3	2,3	100,80 %	0	0,7 %
Өндірістік жабдықтар операторлары, құрастырушылар және жүргізушілер	1,4	1,5	94,60 %	-0,1	0,4 %
Біліктілігі жоқ жұмысшылар	1,2	1,5	81,30 %	-0,3	0,4 %
Фермер мен ауыл және орман шаруашылығы	0,7	0,5	150,50 %	0,2	4,8 %
Техник және басқа қолдау көрсететін қасиби персонал	0,7	2,4	29,70 %	-1,7	0,3 %
Әкімшілік саласындағы қызметкерлер	0,3	0,2	150,00 %	0,1	0,5 %
Басшылар мен мемлекеттік қызметшілер	0,3	0,4	92,00 %	0	0,2 %
Ескерту – [10] дереккөзі негізінде автормен құрастырылған					

Экономикалық қызмет түрлері бойынша ең көп қажеттілік өнеркәсіп саласында күтіледі: 3,4 мың адам – өткен жылмен салыстырғанда 36,3 %-ға артық.

Екінші орында – көтерме және бөлшек сауда, сондай-ақ автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу саласы (2,1 мың адам), үшінші орында-әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет (1,4 мың адам).

Қызметкерлерге деген қажеттілік жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар саласында (бірден 70,1 %-ға, 165 адамға дейін) ең үлкен өсімді көрсетті, денсаулық сақтау саласында (75,8 %-ға, 828 адамға дейін) барынша азайды.

Өңірлік бөліністе мемлекет бойынша жұмыскерлерге деген қажеттілікті Алматы кәсіпорындары (3,8 мың адам) көбірек сезінетін болады – бұл 2021 жылға қарағанда 19,8 %-ға аз.


Екінші және үшінші қатарда Астана (3,6 мың адам) және Атырау облысы (1,1 мың адам) болды. Бұл мәліметтер төмендегі кестеде берілген [10].

Кесте 3 – Қазақстан Республикасы бойынша жұмыскерлерге күтілетін қажеттілік, мың адам

Жұмысшылардың күтілетін қажеттілігі (адам)	Барлығы		Жалпыға дейін өсу		Қазақстан Республикасы бойынша үлесі	
	2021	2020	2021	2020	2021	2020
Барлығы	12080,0	14161,0	85,30 %	-2081	100,0 %	100,0 %
Өнеркәсіп	3426,0	2514,0	136,30 %	912	28,4 %	17,8 %
Көтерме және бөлшек саудада автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу	2062,0	1534,0	134 %	528	17,1 %	10,8 %
Әкімшілік және көмекші қызмет көрсету қызметі	1378,0	1301,0	105,90 %	77	11,4 %	9,2 %
Құрылыс	930,0	1776,0	52,40 %	-846	7,7 %	12,5 %
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер	828,0	3425,0	24,20 %	-2597	6,9 %	24,2 %
Кәсіби ғылыми-техникалық қызмет	609,0	564,0	108,00 %	45	5,0 %	4,0 %
Өмір сүрі мен тактандыру қызметтерінің қамтамасыз ету	529,0	472,0	112,10 %	57	4,4 %	3,3 %

Ауылдық орман және балық шаруашылығы	524,0	640,0	81,90 %	-116	4,3 %	4,5 %
Ақпарат және коммуникация	521,0	423,0	123,20 %	98	4,3 %	3,0 %
Көлік және қойма	483,0	748,0	64,60 %	-265	4,0 %	5,3 %
Білім беру	465,0	554,0	83,90 %	-89	3,8 %	3,9 %
Жылжымайтын мүлікпен операциялар	165,0	97,0	170,10 %	68	1,4 %	0,7 %
Өнер, қыдыру және демалыс	160,0	113,0	141,60 %	47	1,3 %	0,8 %
Ескерту – [10] дереккөзі негізінде автормен құрастырылған						

Көші-қон шығындары еңбек әлеуеті сапасының теріс өзгеруін тудырады, кәсіпорынның дағдарысқа қарсы менеджментінің тиімділігін төмендетеді. 2021 жылғы қаңтар-қыркүйекте Қазақстанға 7,2 мың адам келді ол 2020 жылғы қаңтар-қыркүйекке қарағанда 21,5 %-ға аз. Сонымен қатар, 25,3 мың тұрғын Қазақстаннан кетті – өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 20,1 %-ға көп. Көші — қон сальдосы тұрақты теріс: минус 18,1 мың, 2020 жылы минус 11,8 мың болған. 2014-2021 жылдарындағы Қазақстан Республикасының халық көші-қон диаграммасы 2-суретте ұсынылады.



Сурет 2 – 2014-2021 жылдарындағы Қазақстан Республикасының халық көші-қоны, мың адам
Ескерту – [11] дереккөзі негізінде автормен құрастырылған


Өңірлер бойынша алсақ, келгендердің басым бөлігі Маңғыстау облысына келді: 1,5 мың адам, минус 39,8 % жыл ішінде. Иммигранттар арасында Алматы (1,3 мың адам, минус 0,6 %) және Шымкент (634 адам, минус 5,5 %) танымал. Ең аз танымалдылыққа ие Қызылорда облысы: 2021 жыл басынан бері барлығы 7 адам, жылына минус 81,1 %.

Ең көп адам Қарағанды облысынан кетті: 3,7 мың адам — 2020 жылғы көрсеткішке қарағанда 20,7 %-ға артық. Сондай-ақ, Шығыс Қазақстан (3,3 мың адам, плюс 8,1 %) және Павлодар (2,7 мың адам, плюс 11,6 %) облыстарынан белсенді көшіп келгендер болды. Ең аз адам сол Қызылорда облысынан кеткен: барлығы 59, плюс 51,3 %.

Қазақстан Республикасының 17 өңірінен кеткендер саны тек Солтүстік Қазақстан облысында ғана қысқарған: 1,7 %-ға, 1,7 мың адамға дейін.

2021 жылы Қазақстанға келгендердің көпшілігі Өзбекстаннан келді: 2,5 мың адам –2020 жылға қарағанда 10,8 %-ға артық. Екінші және үшінші орындарды Ресей мен Қырғызстанға тиесілі. Бұл үш елге иммигранттардың 74 %-ы келеді. Қазақстан Республикасынан көбінесе Ресейге кеткен: 21,2 мың адам немесе барлық эмигранттардың 83,6 %. Жетекші үштікке Германия мен Польша да кіреді.

Қазақстан Республикасына келіп-кеткен адамдар серпіні төмендегі 3-суретте көрсетілген.



Сурет 3 – Қазақстан Республикасына келгендер және шығып кеткендер саны, адам
Ескерту – [11] дереккөзі негізінде автормен құрастырылған

15 жастан асқан еңбекке қабілетті халық арасында 2021 жылы Қазақстан Республикасына техникалық мамандығы бар 782 адам келді, оның ішінде 394 – экономикалық, 289 – педагогикалық, 227 – медициналық, 132 – заңгерлік, 91 – сәулет-құрылыс, 76-ауыл шаруашылық.

Сонымен қатар Қазақстаннан техникалық мамандығы бар – 4,1 мың адам, экономикалық мамандығы бар – 2 мың адам, педагогикалық мамандығы бар – 1,3 мың адам, медициналық мамандығы бар – 699 адам, заңгерлік мамандығы бар – 488 адам, сәулет-құрылыс мамандығы бар – 355 адам, ауыл шаруашылық мамандығы бар – 173 адам кетті [11], яғни мамандық бойынша 15 жастан асқан халық көші-қоны саны төмендегі кестеде жинақталған.

Кесте 4 – Мамандық бойынша 15 жастан асқан халық көші-қоны, адам

Мамандық бойынша 15 жастан асқан халық көші-қоны, қаңтар- қыркүйек	Келді				Шығып кетті			
	Барлығы		Жалпыға дейін өсу		Барлығы		Жалпыға дейін өсу	
	2021\09	2020\09	2021\09	2020\09	2021\09	2020\09	2020\09	
Техникалық	782	643	121,6 %	139	4144	3331	124,4 %	813
Экономикалық	394	311	126,7 %	83	2025	1714	118,1 %	311
Педагогикалық	289	288	100,3 %	1	1260	1064	118,4 %	196
Медициналық	227	187	121,4 %	40	699	561	124,6 %	138
Заңды	132	82	161,0 %	50	488	387	126,1 %	101
Сәулет және құрылыс	91	76	119,7 %	15	355	280	126,8 %	75
Ауыл шаруашылығы	76	68	111,8 %	8	173	155	111,6 %	18
Басқа	2057	1831	112,3 %	226	3537	3955	89,4 %	-418

Ескерту – [11] дереккөзі негізінде автормен құрастырылған

Жоғарыда келтірілген макроэкономикалық ақпарат кәсіпорын менеджментіне тұрақты сипатқа ие жаһандық экономикалық дағдарыс кезінде персоналды басқару саласында ұзақ мерзімді стратегияны әзірлеуге мүмкіндік береді, мысалы, пандемияның аяқталуымен Қазақстан Республикасында логисти-

қаға да, қаржы жүйесіне де теріс әсер еткен Украина мен Ресей Федерациясының саяси жағдайына байланысты бірқатар проблемалар туындауы. Осылайша қаржылық дағдарысты туындатқан COVID-19 пандемиясы (2020-2021) әлемдік экономиканың 4,3 %-ға төмендеуіне әкелді, бұл 2008 жылғы қаржылық дағдарыспен салыстырғанда үш есе көп. 2020 жылы доллар бағамы 382 теңгеден 400 теңгеге дейін көтерілді, бір жылдан кейін жиырма тоғыз тармаққа өсті, бұл ретте бір жылдағы орташа жалақы 609 доллардан (233 136 теңге) 420 долларға (249 349 теңге) дейін төмендеді. Ресей-Украина әскери қақтығысына байланысты экономикалық дағдарыс 2022 жылдың 24 ақпанынан бастап рубльдің долларға қатысты бағамының күрт төмендеуі байқалды. Бұл девальвацияны АҚШ пен Еуропаның бірқатар экономикалық санкциялары тудырды. Жетекші сарапшылар 1998 жылғы дағдарыспен салыстыруға болатын экономикалық құлдырауды болжайды. Рубльдің құлдырауы нәтижесінде Қазақстанда тағы бір девальвация болды. Бірнеше күн ішінде доллар 430 теңгеден 490 теңгеге дейін, содан кейін 518 теңгеге дейін көтерілді. Осыдан кейін азық – түлік бағасының 30 %-дан астам қарқынды өсуі байқалды. Қазір доллар бағамы – 464 теңге. Орташа жалақы 552 долларды (272 968 теңге) құрайды, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 7,2 %-ға төмен [12].

Осылайша, 2020 жылы экономиканың қатты құлдырауына қарамастан, халықты жұмыспен қамтылуы айтарлықтай тұрақты болып қалды. Бірақ бұл еңбек нарығы COVID-19 пандемиясынан зардап шеккен жоқ дегенді білдірмейді, тек ол экономикадағы болып жатқан өзгерістерге өзінше бейімделеді. Қазақстандағы корона дағдарысы теріс әсерінің шыңы 2020 жылдың екінші тоқсанында болды.

Жұмыспен қамтылған халық саны 0,6 %-ға қысқарды, 2019 жылғы 8,78 млн. адамнан 2020 жылы 8,73 млн. адамға дейін, негізінен өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық санының азаюы есебінен қысқарды. Мәселен, бір жыл ішінде олардың саны 2,6 %-ға азайып, 2 045 мың адамды құрады. Алайда, елде жұмыссыздық деңгейінің айтарлықтай өсуі болған жоқ, бұл ресми статистикамен расталады – 2020 жылдың қорытындысы бойынша жұмыссыздар саны небәрі 8,2 мың адамға 449 мың адамға дейін өсті, ал жұмыссыздық деңгейі тек 0,1 пайыздық тармаққа 4,9 %-ға дейін өсті. Бұл келесі себептерге байланысты. Біріншіден, жұмыспен қамтылғандардың бір бөлігі «уақытша жұмыспен қамтылмағандар» санатына өтті. Мәселен, пандемияға байланысты 2020 жылдың екінші тоқсанында уақытша жұмыспен қамтылмағандар саны 4 есеге 129 мыңнан 536 мың адамға дейін, ал бір жылда 2,3 есеге өсіп, 301 мың азаматты құрады. Екіншіден, жұмыс уақытын пайдалану азайды. Яғни, кәсіпорындар қызметкерлерді жаппай жұмыстан шығарудан гөрі жұмыс уақытын қысқартуды және жұмысшылар санын бірдей деңгейде ұстауды жөн көрді. Бұл ретте 2020 жылдың 2 тоқсанында аптасына 10 сағаттан аз жұмыс істейтіндер саны 263 %-ға – 159 мыңнан 578 мың адамға дейін ұлғайды. Үшіншіден, халықтың бір бөлігі жұмыс күшінің құрамынан экономикалық белсенді емес санатқа көшті. Мәселен, 2020 жылы олардың саны 143 мың адамға немесе 4 %-ға өсті. Төртіншіден, қашықтықтан жұмыспен қамтуды таратуға серпін берілді. Сараптамалық бағалауға сәйкес Қазақстанда білім беру (саладағы қызметкерлердің 80 % дейін), қаржы және сақтандыру (62 %), мемлекеттік басқару (58 %), кәсіптік және ғылыми қызмет (50 %), сондай-ақ ақпарат және байланыс (45 %) сияқты салаларда шамамен 2,2 млн. жұмыспен қамтылған немесе әрбір төртінші қызметкер қашықтықтан жұмыс істей алады. Нәтижесінде, локдаун кезеңінде осы салалардағы жұмыспен қамту айтарлықтай қысқарған жоқ, бір жерде, керісінше, өсті. Бесіншіден, үкімет дағдарыстың әсерін жеңілдету және экономиканы қалпына келтіру үшін дағдарысқа қарсы шаралардың 3 пакетін іске асырды, оның ішінде халықты және бизнесті қолдау, әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты сақтау бойынша жедел шаралар және экономикалық өсуді қалпына келтірудің кешенді жоспары. Дағдарысқа қарсы шараларға арналған шығыстар 2020 жылы мемлекеттік бюджет шығыстарының негізгі бабы болып, 6 трлн. теңге астам соманы құрады (ЖІӨ-ге 9 %), оның ішінде 1,7 трлн. теңге халықтың табысы мен жұмыспен қамтылуын қолдауға бағытталған, 1,6 трлн. теңге – жеңілдетілген несиелеу түріндегі бизнесті қолдауға және ішкі сұранысты ынталандыруға, 1,1 трлн. теңге – қашықтықтан оқытуды ұйымдастыруға, эпидемияға қарсы іс-шараларға және қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шығыстарға 1,9 трлн. теңге – республикалық және жергілікті бюджеттер кірістерінің шығындарын өтеуге бағытталды [13].


И. А. Геращенко және Г. Джумандурдиев [14] зерттеулеріне сүйене отырып, қызметкерлерді дағдарысқа қарсы басқарудың негізі көшбасшының белсенділігі мен энергиясы деп сенімді түрде айта

аламыз. Әр ұйымның өз миссиясы бар, оны орындау ұйымды негізгі мақсатқа жетелейді, ал қызметкерлер өз кезегінде миссияны алға жылжытудың негізі болып табылады.

Нәтижелерді талқылау. Халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, экономиканы дамыту жолындағы келесі бағыттарды бөліп көрсетуге болады. Біріншіден, бұл шикізаттық емес секторлардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру есебінен экономикалық базаны әртараптандыру. Шикізат секторына инвестициялардың едәуір көлемін бағыттауды жалғастыра отырып, ағымдағы және болашақ жұмыс күші үшін жеткілікті жұмыс орындарын қамтамасыз ету мүмкін болмайды. Екіншіден, адами капиталды дамыту және инновацияларды ынталандырудың барлық түрлері сенімді нәтижелі өсудің кілті болып табылады. Бүгінгі таңда «ғылым мен дамуға» немесе ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға салынған инвестициялар ЖІӨ-нің 0,1 % немесе 85,2 млн. теңгені құрайды, ол бағытта 21,8 мың адам ғана жұмыс істейді (барлық жұмыспен қамтылғандардың 0,2 %). Соңғы 5 жылда мұндай шығыстардың үлесі 28 %-ға дейін ұлғайғанына қарамастан, ЖІӨ құрылымында – бұл 0,1%. Үшіншіден, экономикалық дамудың негізгі драйвері ретінде жеке сектордың, әсіресе ШОК-тың рөлін күшейту және білікті жұмысшылар үшін ғана емес, сонымен қатар экономикалық белсенді халықтың төмен білікті кадрлары үшін жұмыс орындарын құру. Төртіншіден, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту арқылы ауылдардағы жұмыспен қамтуды қолдау. Ауыл шаруашылығымен айналысатындардың 88 %-ы ауылдық жерлерде тұрады, бұл ретте барлық ЖІПҚ иелері бейресми жұмысбастылықты таңдайды. Бесіншіден, қайта даярлау бағдарламалары мен өмір бойы оқыту арқылы адами капиталды дамыту. Дағдылар өнімділікті және сәйкесінше халықтың табыс деңгейін арттырудың негізгі факторларының бірі болып табылады, сондықтан болып жатқан өзгерістерге жауап ретінде оларды өзекті деңгейде ұстау маңызды міндет болып табылады. Оқыту өмір бойы әртүрлі дайындық форматтарын қолдана отырып жүргізілуі керек [13, 2 б.].

Жұмыс істейтін халықтың ішінде жұмыспен қамтылғандардың 70,7 %-ы оқу нәтижесінде алған мамандығы бойынша жұмыс істеді, 22,6 %-ы өз мамандығы бойынша емес, ал жұмыспен қамтылғандардың тағы 6,7 %-ы ешқашан оқымаған.

Білім деңгейі бойынша 3,8 млн. адамның орта кәсіби (арнайы), 3,6 млн. адамның – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі, 1,3 млн. адамның — бастауыш, негізгі, жалпы орта немесе бастауыш кәсіптік білімі болды. 4-суреттен көріп отырғанымыздай, жұмыспен қамтылғандар бойынша мәлімет 2013-2021 жыл аралығын қамтыған, әр жылдың IV тоқсаны бойынша берілген.



Сурет 4 – Жұмыспен қамтылғандар, млн. адам
Ескерту – [15] дереккөзі негізінде автормен құрастырылған

Жұмыспен қамтылғандар арасында 6,7 млн. адам (жылына 0,6 % қосу) жалдамалы қызметкерлер болды. Тағы 1,6 млн. адам – жеке кәсіпкерлер, 493,6 мың адам – тәуелсіз қызметкерлер, 14,6 мың адам – серіктестіктердің құрылтайшылары, акционерлік қоғамдардың акционерлері (қатысушылары), сондай-ақ өндірістік кооперативтердің мүшелері болып табылатын жеке тұлғалар, 10,7 мың адам жеке практикамен айналысқан.

Өңірлік бөліністе жұмыспен қамтылғандардың басым бөлігі Алматыда болды: 979,3 мың адам – алдыңғы жылмен салыстырғанда 2,6 %-ға артық. Көшбасшылар үштігінде Алматы (971,2 мың адам, жы-

лына минус 0,4 %) және Түркістан (777,2 мың адам) облыстары да бар. Жұмыспен қамтылғандардың ең азы Солтүстік Қазақстан облысында болды: 286,6 мың адам – алдыңғы жылмен сәйкес.

Салалар бөлінісінде жұмыспен қамтылғандардың көпшілігі көтерме және бөлшек сауда, сондай-ақ автожөндеу салаларына қатысты болды: 1,5 млн. адам – алдыңғы жылмен салыстырғанда 3,3 %-ға артық.

Жұмыспен қамтылған халық саны бойынша негізгі салалардың ішінде ауыл, орман және балық шаруашылығы (1,1 млн. адам, жылына минус 3,9 %) және білім беру (1,1 млн. адам, плюс 1,5 %) салалары болғанын 5-кестедегі сандық мәліметтерде көрсетілген.

Кесте 5 – Қазақстан Республикасы бойынша жұмыспен қамтылғандар, мың адам

Жұмыспен қамтылғандар. IV тоқсан (мың адам)	Барлығы		Жалпыға дейін өсу		Қазақстан Республикасынан бөлісу	
	2021/IV	2020/IV	2021/IV	2020/IV	2021/IV	2020/IV
Барлығы	8811,9	8744,5	100,8 %	67,4	100,0 %	100,0 %
Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу	1469,4	1422,1	103,3 %	47,3	16,7 %	16,3 %
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	1141,9	1188,2	96,1 %	-46,3	13,0 %	13,6 %
Білім	1123,8	1107,4	101,0 %	16,4	12,8 %	12,7 %
Құрылыс	635,9	634,7	100,2 %	1,2	7,2 %	7,4 %
Тасымалдау және қоймалау	615,7	609,7	101,0 %	6	7,0 %	7,0 %
Өндеу өнеркәсібі	580,5	575,4	100,9 %	5,1	6,6 %	6,6 %
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер	548,3	521	105,2 %	27,3	6,2 %	6,0 %
Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру	496	491,6	100,9 %	4,5	5,6 %	5,6 %
Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	282,6	184,3	99,4 %	-1,7	3,2 %	3,3 %
Тау-кен және карьерлерді қазу	272,5	174,2	99,4 %	-1,7	3,1 %	3,1 %
Кәсіби ғылыми-техникалық қызмет	251,7	145,8	102,4 %	5,8	2,9 %	2,8 %
Қаржылық және сақтандыру қызметі	191,1	200,3	95,4 %	-9,2	2,2 %	2,3 %
Тұру және тамақтандыру қызметтері	190,2	183,2	103,8 %	7	2,2 %	210,0 %
Жылжымайтын мүлікпен операциялар	166,5	165,4	100,6 %	1	1,9 %	1,9 %
Ақпарат және коммуникация	164,9	159,4	103,4 %	5,5	1,9 %	1,8 %
Электрмен жабдықтау газбен жабдықтау бу және ауаны баптау	144,4	151,4	95,4 %	-7	1,6 %	1,7 %
Өнер, ойын-сауық және демалыс	135,2	149,1	97,2 %	-3,9	1,5 %	1,6 %
Сумен қамтамасыз ету: қалдықтарды жинау мен таратуды кәріз жүйесімен бақылау	84,8	82,5	102,8 %	2,3	1,0 %	0,9 %
Басқа да қызмет түрлерін көрсету	316,6	308,9	102,5 %	7,7	3,6 %	3,5 %
Ескерту – [15] дереккөзі негізінде автормен құрастырылған						

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі зейнет жасына дейінгі жұмыссыздарды жұмыспен қамтуға арналған «күміс жас» арнайы жобасын іске қосуды жоспарлап отыр. Бастаманы іске асыру 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде жүргізілетін болады. Жыл сайын жобамен 5 мың адам қамтылады деп күтілуде.

Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша зейнеткерлік жас алдындағы – 55-64 жас аралығындағы жұмыспен қамтылғандар – Қазақстанда 979,3 мың адам болған – алдыңғы жылға қарағанда 6,7 %-ға артық. Осы жастағы жұмыссыздар саны 65,7 мың адамды құрайды.

Жұмыспен қамтылғандардың ішінде зейнеткерлер, яғни 65 және одан жоғары жастағы адам саны – 68,2 мың адам, 29 жасқа дейінгі жастар – 1,9 млн. адам, 29-34 жастағы жастар – 1,7 млн. адам, 35-44 жастағы – 2,3 млн. адам, 45-54 жастағы – 1,8 млн. адам болды [16]. Қазақстан Республикасы бойынша жұмыспен қамтылғандардың жас бойынша жіктелуі 6-кестеде ұсынылған.

Кесте 6 – Қазақстан Республикасы бойынша жұмыспен қамтылғандардың жас бойынша жіктелуі, мың адам

Жұмыспен қамтылғандар IV тоқсан (мың адам)	Барлығы		Жалпыға дейін өсу		Қазақстан Республикасының бөлігі	
	2021/IV	2020/IV	2021/IV	2020/IV	2021/IV	2020/IV
Барлығы	8811,9	8744,5	100,8 %	67,4	100,0 %	100,0 %
15	0,3	0,2	152,1 %	0,1	0,0 %	0,0 %
16-24	967,7	1077,4	89,8 %	-109,7	11,0 %	12,3 %
25-28	946,2	953,9	99,2 %	-7,7	10,7 %	10,9 %
29-34	1726,4	1704,6	101,3 %	21,8	19,6 %	19,5 %
35-44	2347,5	2217,7	105,9 %	129,8	26,6 %	25,4 %
45-54	1776,3	1801,3	98,6 %	-24,9	20,2 %	20,6 %
55-64	979,3	917,7	106,7 %	61,6	11,1 %	10,5 %
65 және одан жоғары	68,2	71,7	95,1 %	-3,5	0,8 %	0,8 %

Ескерту – [15] дереккөзі негізінде автормен құрастырылған

Оқуға кететін қаржылық шығындар мәселесі оқу формасын таңдау мүмкіндігін шектейді, осыны ескере отырып, ұжымдағы әлеуметтік шиеленістің көрсеткіші ретінде әлеуметтік тұрақтылық индексі атап өту қажет.

Әлеуметтік тұрақтылық индексі қызметкерлердің белсенділік деңгейін, әлеуметтік әл-ауқат пен әлеуметтік тыныштықты, сондай-ақ ұйымның әлеуметтік даму индексі бағалауға мүмкіндік береді. Әлеуметтік тұрақтылық индексі қызметкерлердің белсенділік деңгейін, әлеуметтік әл-ауқат пен әлеуметтік тыныштықты, сондай-ақ ұйымның әлеуметтік даму индексі бағалауға мүмкіндік береді. Әлеуметтік тұрақтылық индексі және оның құрамдас бөліктері әдетте -100 %-дан +100 %-ға дейінгі мәндерді қабылдайды, мұндағы -100 % – еңбек жағдайларына, коммуникацияларға абсолютті наразылық, қызметкерлердің адалдығы, теріс әлеуметтік әл-ауқат және қызметкерлердің наразылық көңіл-күйі бойынша алаңдатарлық жағдай, ал +100 % – еңбек жағдайлары мен коммуникацияларға толық қанағаттану, қызметкерлердің адалдығы, жақсы әлеуметтік әл-ауқат және ұжымда әлеуметтік тыныштықтың болуы. Әлеуметтік тұрақтылық индексі еңбек жанжалдарын алдын алудың және компаниялардағы жағымсыз көңіл-күйді тежеудің тиімді құралына айналды, кейбір мамандардың бағалауы бойынша 2020 жылға 95 % құрады. 2019 жылдың қорытындысымен салыстырғанда көрсеткіш 29 п.п. өсті, бірақ 2021 жылы айтарлықтай төмендеді [17].

Перифериялық эмоциялар теориясының авторларының бірі ғалым Уильям Джеймстің еңбектеріне сәйкес, «барлық эмоционалды тәжірибелер тек өзгеріс сезімі». Осы фактіні ескере отырып, дағдарыстың басталуы қызметкерлердің эмоционалды жағдайының нашарлауына әкеледі деп айтуға болады, нәтижесінде психологиялық жүктеменің жоғарылауына байланысты қызметкерлердің әлеуетін іске асыру қиынырақ болады. Психологиялық жүктеме деңгейін және жалпы шиеленісті анықтауға әлеуметтік тұрақтылық индексі мүмкіндік береді бұл индекстормен бағалау туралы ақпарат беріп қана қоймай, басқарушылық әсердің дұрыс шешімін таңдауға мүмкіндік береді. Басшының энергиясын осы мәселеге арнап инвестициялау қажетті кезеңнен өтуге қолайлы жағдай жасайды.

Әлемдік тәжірибеде жұмыспен қамту бағдарламалары шеңберінде қолдаудың негізгі бағыттары мынадай іс-шараларды ұсынады.

Кеңес беру және жұмыс іздеуге көмектесу: бұл шаралар негізінен қысқа мерзімді жұмыссыздар үшін пайдалы, бірақ олар жұмыссыздарды қолдаудың «жеке» тәсілінде әлі де құнды рөл атқара алады. Кеңес беру кәсіптік оқытуды, жұмыс іздеуге көмек көрсетуді, «мотивациялық» курстарды және ізденушінің жеке қажеттіліктеріне сәйкес әлеуметтік қолдауды қоса алғанда, қолдаудың басқа түрлерімен кешенді түрде көрсетіледі

Жұмыс берушілерге субсидиялар: мұндай бағдарламалар салыстырмалы түрде қымбат және әдетте басқа шаралар тиімсіз болған ең осал топтарға бағытталған. Мұндай шаралар байланыс орнату және жұмыс берушілерге әлеуетті қызметкерлерді төмендетілген жалақы бойынша «тексеруге» мүмкіндік беру арқылы жұмыс берушілердің ұзақ мерзімді жұмыссыздарға деген көзқарасына оң әсер етуі мүмкін.

Тікелей жұмыс орындарын құру схемалары (қоғамдық жұмыстар, әлеуметтік жұмыс орындары): дағдарыс жағдайында кірістерді қорғау саясаты және жұмысшыларды еңбек нарығында сақтау тәсілі ретінде өте тиімді. Басқа бағдарламалар үшін институционалдық құрылым жұмысының үйлесімділігі төмен елдерде ең тиімді. Бұл схемалар, әдетте, қысқа мерзімді жұмыссыздар үшін Жұмыспен қамтудың жағымсыз әсерін болдырмау үшін орта және ұзақ мерзімді жұмыссыздарға бағытталған, мысалы, кез-келген жағдайда «нақты» жұмыс таба алатын қатысушылар схемаға қатысады. Бұл схемалар, әдетте, олардың тиімділігі мен рентабельділігін қамтамасыз ету үшін тұрақты және берік болады.

Оқу бағдарламалары: әдетте оқыту ең күшті, оң, ұзақ мерзімді әсерлерді береді, бірақ ол қымбат болып табылады. Жалпы бағдарламалар және кәсіптік жұмыс орнында оқыту тиімді, бірақ көздеп отырған мақсаттарға байланысты. Зерттеулер көрсеткендей, жалпы бағдарламалар еңбек нарығына алғаш шыққаннан кейін дағдыларды жақсырақ сәйкестендіруге ықпал етеді, ал сертификатталған кәсіптік оқыту бағдарламалары (жұмыс орнында немесе мектепке негізделген оқытумен бірге) оқудан жұмысқа ауысуды жеңілдетуде өте тиімді болды.

Стартаптарды ынталандыру: экономикалық өсу кезінде максималды тиімді / қолайлы іскерлік орта жағдайында. Жұмыс орындарын құру тұрғысынан жоғары әсер (өзін-өзі жұмыспен қамту), мақсатты популяциядағы жоғары вариация және нәтижелер [15; 18; 19; 20].

ЗЕРТТЕУДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Қорытындылай келе, осы мәселенің өзектілігіне сүйене отырып, басқарудың осындай стилін таңдау құнды кадрлардың жоғалуын азайтып, қызметкерлердің эмоционалды жағдайын жақсартады, ұжымда жағымды атмосфераны қалыптастырып, бұл жаңа, стандартты емес міндеттерді орындауға стимул ретінде қарастырылады. Мақалада жоғарыда айтылғандарды растау ретінде және басқарудың «опық» тұстарын көрсете алатын экономикалық формулалар немесе теңдеулер қарастырылмаған, бірақ қиынқыстау, дағдарыстық жағдайында шығармашылық көзқарасты, қызметкердің психологиясын, оның көңіл-күйі қолданылған. Демек, компанияда персоналға өзін-өзі ұйымдастыру технологияларын қолдану арқылы біз кадрлардың ағымын төмендетеміз, жоғары білікті қызметкерлерді сақтаймыз, жұмыс ынтасын жоғарылатып, дағдарыс кезеңін қысқартамыз, ұйымның өндірісін және көшбасшының беделін арттырамыз.

Ал осындай жағдайда кәсіпорын табысты болып қалуы үшін адам ресурстары мен жаңа технологияларға инвестиция салуды уақытында және елеулі түрде арттыру қажет, өйткені қызметкерлері әртүрлі жағдайларға бейімделген кәсіпорындар ғана дағдарыстық жағдайда өмір сүре алады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Глазьев С. Ю. Стратегия опережающего развития России в условиях глобального кризиса. – М.: Экономика, 2010. – 255 с.
2. Антикризисное управление человеческими ресурсами / Под редакцией Н. А. Горелова. – СПб.: Питер, 2010. – 432 с.
3. Kücher A., Mayr S., Mitter C. et al. Firm age dynamics and causes of corporate bankruptcy: age dependent explanations for business failure // Review of Managerial Science. – 2020. – № 14. – P. 633-661. – DOI: <https://doi.org/10.1007/s11846-018-0303-2>.

4. Veganzones D., Severin E. The Impact of Earnings Management on Bankruptcy Prediction Models: An Empirical Research the Impact of Earnings Management on Bankruptcy Prediction Models: An Empirical Research. – SSRN, 2017. – 28 p. – DOI: <https://dx.doi.org/10.2139/ssrn.2980144>.
5. Jones S. Corporate bankruptcy prediction: a high dimensional analysis // *Rev Account Stud.* – 2017. – № 22. – P. 1366-1422. – DOI: <https://doi.org/10.1007/s11142-017-9407-1>.
- Lahmiri S., Bekiros S. Can machine learning approaches predict corporate bankruptcy? Evidence from a qualitative experimental design // *Quantitative Finance.* – 2018. – № 19(9). – P. 1569-1577. – DOI: <https://doi.org/10.1080/14697688.2019.1588468>.
6. Ашибоков А. М. Пути разрешения трудовых конфликтов в организации // *Экономика и управление в условиях современной России. Материалы IV национальной научно-практической конференции, текстовое электронное издание.* – 2020. – С. 30-33.
7. Банных Ю. И., Климовских Н. В. Регулирование конфликтов в организации как элемент корпоративного управления // *Современная Россия: потенциал инновационных решений и стратегические векторы развития экономики.* – 2018. – С. 204-207.
8. Божукова Е. М. Управление трудовыми конфликтами в организации // *Инновации и инвестиции.* – 2019. – № 8. – С. 70-74.
9. К началу текущего года в Казахстане насчитывалось 37 тысяч вакантных мест [Электронды ресурс] // *RANKING.KZ [web-сайт].* – 3 Августа 2021. – URL: <https://ranking.kz/reviews/other/k-nachalu-tekushego-goda-v-kazahstane-naschityvalos-37-tysyach-vakantnyh-mest.html> (Қарау уақыты: 30.01.2023).
10. За три квартала из страны уехало свыше 25 тысяч человек — более чем втрое больше, чем было в РК [Электронды ресурс] // *RANKING.KZ [web-сайт].* – 12 Ноября 2021. – URL: <http://ranking.kz/ru/a/infopovody/za-tri-kvartala-iz-strany-uehalo-svyshe-25-tysyach-chelovek-bolee-chem-vtroe-bolshe-chem-pribylo-v-rk> (Қарау уақыты: 03.02.2023).
11. Какой финансовый кризис сильнее всего ощутил Казахстан? [Электронды ресурс] // *FORBES.KZ [web-сайт].* – 27 Марта 2022. – URL: https://forbes.kz/finances/finance/kakoy_finansoviy_krizis_silnee_vsego_oschutil_kazahstan/ (Қарау уақыты: 04.02.2023)
12. Молчановская А. и др. Рынок труда Казахстана развитие в условиях новой реальности. – 2021. – 226 с.
13. Геращенко И. А., Джумандурдиев Г. Антикризисное управление персоналом // *Вісник економіки транспорту і промисловості.* – 2014. – № 45. – С. 148-152.
14. Основные индикаторы рынка труда в Республике Казахстан [Электронды ресурс] // *Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы [web-сайт].* – 2022. – URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-inno-/publications/6132/> (Қарау уақыты: 30.01.2023).
15. Лишь 7 из 10 казахстанцев работают по специальности, полученной при учёбе. 7% занятых в принципе не обучались какой-либо профессии [Электронды ресурс] // *RANKING.KZ [web-сайт].* – 23 Февраль 2022. – URL: <http://ranking.kz/ru/a/infopovody/lish-7-iz-10-kazahstancev-rabotayut-po-specialnosti-poluchennoj-pri-uchyobe-7-zanyatyh-v-principe-ne-obuchalis-kakoj-libo-professii> (Қарау уақыты: 05.02.2023).
16. Индекс социальной стабильности ТОО «АППК». – Нур-Султан, 2019. – 28 с.
17. Уашов Г. К. Қазақстандағы ұйым персоналын бейдағдарыстық басқару // *Доклады Национальной Академии Наук Республики Казахстан.* – 2017. – № 2(312). – С. 124-128.
18. Брусницына Н., Пронин Р. Особенности защиты прав трудящихся при несостоятельности организации работодателя в современных условиях // *Экономика и управление.* – 2010. – № 2(63). – С. 178-182.
19. Наумова В. В., Новиков В. С. Трудовая мотивация как условие эффективности социально-трудовых отношений. Монография. – Краснодар.: Изд-во ЮИМ, 2015. – 209 с.

REFERENCES

1. Glazyev, S. Yu. (2010). *Strategiya operezhayushchego razvitiya Rossii v usloviyah global'nogo krizisa*. Ekonomika, Moscow, 255 p. (In Russian).
2. Gorelov N. A. (Eds.). (2010). *Antikrizisnoe upravlenie chelovecheskimi resursami*. Piter, Saint Petersburg, 432 p. (In Russian).
3. Kücher, A., Mayr, S., Mitter, C. and et al. (2020). Firm age dynamics and causes of corporate bankruptcy: age dependent explanations for business failure. *Review of Managerial Science*, 14, 633-661, DOI: <https://doi.org/10.1007/s11846-018-0303-2>.
4. Veganzones, D. and Severin, E. (2017). The Impact of Earnings Management on Bankruptcy Prediction Models: An Empirical Research the Impact of Earnings Management on Bankruptcy Prediction Models: An Empirical Research. *SSRN*, 28 p., DOI: <https://dx.doi.org/10.2139/ssrn.2980144>.
5. Jones, S. (2017). Corporate bankruptcy prediction: a high dimensional analysis. *Rev Account Stud*, 22, 1366-1422, DOI: <https://doi.org/10.1007/s11142-017-9407-1>.
6. Lahmiri, S. and Bekiros, S. (2018). Can machine learning approaches predict corporate bankruptcy? Evidence from a qualitative experimental design. *Quantitative Finance*, 19(9), 1569-1577, DOI: <https://doi.org/10.1080/14697688.2019.1588468>.
7. Ashibokov, A. M. (2020). *Puti razresheniya trudovyh konfliktov v organizacii*. *Ekonomika i upravlenie v usloviyah sovremennoj Rossii*. *Materialy IV nacional'noj nauchno-prakticheskoy konferencii, tekstovoe elektronnoe izdanie*, 30-33 (In Russian).
8. Bannyh, Yu. I. and Klimovskih N. V. (2018). *Regulirovanie konfliktov v organizacii kak element korporativnogo upravleniya*. *Sovremennaya Rossiya: potencial innovacionnyh reshenij i strategicheskie vektory razvitiya ekonomiki*, 204-207 (In Russian).
9. Bozhukova, E. M. (2019). *Upravlenie trudovymi konfliktami v organizacii*. *Innovacii i investicii*, 8, 70-74 (In Russian).
10. *K nachalu tekushchego goda v Kazahstane naschityvalos' 37 tysyach vakantnyh mest*. (August 3, 2021). *RANKING.KZ*. Retrieved January 30, 2023, from <https://ranking.kz/reviews/other/k-nachalu-tekushchego-goda-v-kazahstane-naschityvalos-37-tysyach-vakantnyh-mest.html> (In Russian).
11. *Za tri kvartala iz strany uehalo svyshe 25 tysyach chelovek — bolee chem vtroe bol'she, chem pribylo v RK*. (November 12, 2021). *RANKING.KZ*. Retrieved February 3, 2023, from <http://ranking.kz/ru/a/infopovody/za-tri-kvartala-iz-strany-uehalo-svyshe-25-tysyach-chelovek-bolee-chem-vtroe-bolshe-chem-pribylo-v-rk> (In Russian).
12. *Kakoj finansovyj krizis sil'nee vsego oshchutil Kazahstan?* (March 27, 2023). *FORBES.KZ*. Retrieved February 4, 2023 from https://forbes.kz/finances/finance/kakoy_finansovyiy_krizis_silnee_vsego_oschutil_kazahstan/ (In Russian).
13. Molchanovskaya, A. and et al. (2021). *Rynok truda Kazahstana razvitie v usloviyah novej real'nosti*. 226 p. (In Russian).
14. Gerashchenko, I. A. and Dzhumandurdiyev, G. (2014). *Antikrizisnoe upravlenie personalom*. *Visnik ekonomiki transportu i promislovosti*, 45, 148-152 (In Russian).
15. *Osnovnye indikatory rynka truda v Respublike Kazahstan*. (2022). Bureau of National statistics of Agency for Strategic planning and reforms of the Republic of Kazakhstan. Retrieved January, 30, from <https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-inno-/publications/6132/> (In Russian).
16. *Lish' 7 iz 10 kazahstancev rabotayut po special'nosti, poluchennoj pri uchyo-be. 7% zanyatyh v principe ne obuchalis' kakoj-libo professii*. (February 23, 2022). *RANKING.KZ*. Retrieved February 5, 2023, from <http://ranking.kz/ru/a/infopovody/lish-7-iz-10-kazahstancev-rabotayut-po-specialnosti-poluchennoj-pri-uchyo-be-7-zanyatyh-v-principe-ne-obuchalis-kakoj-libo-professii> (In Russian).
17. *Indeks social'noj stabil'nosti TOO «APPK»*. (2019). *Nur-Sultan*, 28 p. (In Russian).
18. Uashov, G. K. (2017). *Kazakstandagy ujym personalyn bejdagdarystyk baskaru*. *Reports of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan*, 2(312), 124-128 (In Russian).

19. Brusnicyna, N. and Pronin, R. (2010). Osobennosti zashchity prav trudyashchihsya pri nesostoyatel'nosti organizacii rabotodatelya v sovremennyh usloviyah. *Ekonomika i upravlenie*, 2(63), 178-182 (In Russian).

20. Naumova, V. V. and Novikov, V. S. (2015). Trudovaya motivaciya kak uslovie effektivnosti social'no-trudovyh otnoshenij. Monography. Izd-vo YUIM, Krasnodar, 209 p. (In Russian).

HUMAN RESOURCE MANAGEMENT IN CRISIS SITUATIONS

G. K. Uashov¹, A. B. Zurbayeva^{1*}

¹Narxoz University, Almaty, Republic of Kazakhstan

ABSTRACT

The purpose of this study is to determine the impact of the ongoing economic crisis and increasing social tension among the working population in the Republic of Kazakhstan, which is of great importance for the development of the country's economy.

Methodology. In the process of research, general scientific methods such as analysis, synthesis, induction, deduction and comparison are applied. A special method of quantitative analysis is also actively involved, including grouping of primary data and statistical observation.

The originality / scientific value of this work is due to the growth of problems in the economy of the Republic of Kazakhstan caused by the global crisis and, as a consequence, the formation of anti-crisis management and the development of human resource management methods in a crisis.

Findings. The scientific value of this work is due to the growth of problems in the economy of the Republic of Kazakhstan caused by the global crisis and, as a result, the formation of anti-crisis management and the development of human resource management methods in a crisis.

Keywords: economy, crisis, human resources, management.

УПРАВЛЕНИЕ ЧЕЛОВЕЧЕСКИМИ РЕСУРСАМИ В КРИЗИСНЫХ УСЛОВИЯХ

Г. К. Уашов¹, А. Б. Зурбаева^{1*}

¹Университет Нархоз, Алматы, Казахстан

АННОТАЦИЯ

Цель данного исследования – является определение влияния продолжающегося экономического кризиса и возрастающей социальной напряженностью среди работоспособного населения в Республике Казахстан имеющее большое значение для развития экономики страны.

Методология исследования. В процессе исследования применены общие научные методы, такие как анализ, синтез, индукция, дедукция и сравнение. Также активно задействован специальный метод количественного анализа, включающий группировку первичных данных и статистическое наблюдение.

Оригинальность / научная ценность данной работы обусловлена ростом проблем в экономике Республики Казахстан вызванных глобальным кризисом и как следствие становлением антикризисного менеджмента и развитием методов управления человеческими ресурсами в условиях кризиса.

Результаты исследования. В статье проведен анализ применяемых методов управления человеческими ресурсами в условиях кризиса, предложены к применению эффективные формы воздействия на персонал и административные рычаги для выхода из сложившейся ситуации на рынке труда с целью сохранения человеческого потенциала предприятий.

Ключевые слова: экономика, кризис, человеческие ресурсы, управление.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ

Уашов Гилад Камбарович – экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы, e-mail: gilash.uashov@narhoz.kz

Зурбаева Алия Битуғановна – доктор PhD, ассистент профессор, Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы, e-mail: aliya.zurbaeva@narhoz.kz*

МРНТИ 06.11; 77.61

JEL Classification: J0; J4; J6

DOI: <https://doi.org/10.52821/2789-4401-2023-3-33-43>

THE STATE AND DYNAMICS OF EMPLOYMENT IN KAZAKHSTAN

S. A. Kaliyeva¹, E. K. Buitek^{1*}, I. M. Sadykov¹

¹Institute of Economics CS MES RK, Almaty, Republic of Kazakhstan

ABSTRACT

Purpose of the research. To examine the economic system of Kazakhstan and its key indicators, specifically labor productivity and growth levels.

Methodology. Results are justified using a method of decomposition, which analyzes the fluctuations in total productivity within and between sectors. The research involved an analysis of various sectors of the country from 2010 to 2021.

Originality / value of the research. After the pandemic period, the Kazakhstani economy experienced a decline in its main macroeconomic indicators and economic growth dynamics. Consequently, there is now a growing interest in understanding the relationship between employment structure and economic growth. In this paper, the authors discuss the crucial factors that influence the quantitative and qualitative aspects of the labor force, as well as the level of their utilization.

Findings. The significant finding is the impact of contemporary development in Kazakhstan. As the country progresses, there is a noticeable shift of workers from agriculture to high-productive industries and services. This shift has been justified using a method of decomposition, which analyzes the fluctuations in total productivity within and between sectors

Keywords: structural changes, decomposition method, employment dynamics, transformation, sectors of economy restructuring.

Acknowledgment: The study was conducted under the Program-targeted AP09260584, funded by the Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, focusing on «Employment restructuring in Kazakhstan in terms of social and economic tensions».

INTRODUCTION

²Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан Республикасы

АНДАТПА

Зерттеудің мақсаты – Ақтөбе облысындағы әлеуеті жоғары жалғыз моноқала Хромтау қаласының әлеуметтік-экономикалық даму жағдайына талдау жасау және одан әрі дамытуда маркетинг мүмкіндіктерін пайдалану.

Әдіснамасы – зерттеудің талдау, салыстыру, жалпылау, сауалнама, математикалық моделдеу сияқты ғылыми әдістері.

Зерттеудің бірегейлігі/құндылығы. Хромтау моноқаласының даму қарқынына әлеуметтік-экономикалық баға беру арқылы өңірдің имиджін қалыптастыру үшін жол картасын, кешенді даму жоспарын әзірлеуде қолданылуы мүмкін.

Зерттеу нәтижесінде Хромтау моноқаласының әлеуметтік-экономикалық жағдайын зерттеу қорытындысы бойынша экономикалық, әлеуметтік сала, инфрақұрылымдық ахуалы орташа деңгейде екендігі айқындалды. Хромтау қаласында өндіріліп, экспортқа шығарылатын хромит рудасы әлемде руданың бай болуына байланысты бәсекеге қабілетті және ең қатты химиялық элемент ерекше қасиетке ие. Хром рудасы Хромтау қаласын оны жоғары алдағы онжылдықтарға әлеуетті моноқала ретінде белгілейді. Дегенмен Кеңес дәуірінен қалған өндіріс орны мен қалада кейбір инфрақұрылымдық объектілердің тозу деңгейі жоғары болып келеді. Бұл бағытта ауқымды жұмыстардың жүргізілуіне қарамастан жалпы Қазақстандағы моноқалаларға тән ортақ мәселелер орын алып отыр. Моноқалаларды дамытудың басты мақсаты жаңа өндірістер құру, адамдардың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыру болуға тиіс. Сондықтан алдымен кәсіпорындарды өсу нүктесі ретінде құру керек, содан кейін осы кәсіпорындардан бюджетке түсетін түсімдер үшін инфрақұрылымды дамыту қажет. Ол үшін моноқаланың имиджін қалыптастыру ұсынылады.

Түйін сөздер: моноқала, қалатүзуші кәсіпорын, әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер, инфрақұрылым жағдайы, инвестициялық мүмкіндіктер, аумақтық маркетинг, брендинг.

Алғыс: Мақала BR18574200 «Аумақтық маркетинг негізінде Жаңа Қазақстанды құру жағдайында моноқалаларды жаңғырту» тақырыбындағы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінің бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберіндегі бағдарлама бойынша орындалды.

КІРІСПЕ

Моноқалалардың пайда болуының ұзақ тарихы мен кең географиясы қалыптасқан. Мәселен, Дж. Аллен 1966 жылы өзінің монографиясында екі жүз американдық моноқалаларға (company-endned towns) егжей-тегжейлі талдау жасап, оларды басқару, тұрғын үй саясатын жоспарлау және жүзеге асыру принциптерін, халықтың әл-ауқатын, қала құраушы кәсіпорынның рөлін, дамудың экономикалық және саяси аспектілерін қарастырды.

Қазақстанда моноқалалардың ауқымды қалыптасуы мен даму процесі индустрияландырудың кеңестік кезеңіне келеді, оның ерекшелігі белгілі бір аумақта өнеркәсіптің бір саласының шоғырлануы болып табылады. Әрбір бесжылдық 100-125 жаңа қалаларға өмір берді, олардың едәуір бөлігі табиғи ресурстарды игеру, гидроэлектростанциялар мен гидротехникалық құрылыстар салу аудандарында пайда болды.

Қазақстанда «моноқала» ұғымы өнеркәсіптік өндіріс пен еңбекке қабілетті халықтың негізгі бөлігі (20 % немесе одан да көп) бір немесе бірнеше қала құраушы кәсіпорындарға, әдетте, қалада болып жатқан барлық экономикалық және әлеуметтік процестерді анықтайтын бір бейінді және шикізаттық бағыттағы (моно мамандандыру) кәсіпорындарға шоғырланған қала ретінде анықталады. Мономаманданған кәсіпорындар қалада болып жатқан барлық экономикалық және әлеуметтік процестерді анықтайды [1].

Әдебиетке шолу. Кеңістіктік экономика, қала экономикасы, экономикалық география теорияларына сүйене отырып, ғалымдар белгілі бір әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайда олардың сыртқы және ішкі қалалық ортасының ерекшеліктерін ескере отырып, моноқалалар құбылысын зерттеуге тырысады. Ресейлік авторлардың арасында И. В. Липсиц, А. А. Нещадин, В. Я. Любовной, Н. В. Зубаревич, И. Н. Ильинаның жетекшілігімен жарияланған басылымдар назар аударуға болады. Бұл зерттеулер постсоциалистік трансформацияның ұзақ мерзімді процестерімен, сондай-ақ орта мерзімді құрылымдық және қаржылық дағдарыстармен байланысты сыртқы күйзелістердің нақты жағдайларында ресейлік моноқалалар жүйесін сипаттаудың жалпы және жеке критерийлерін ұсынады. Қазақстанның моноқалалар жүйесінің сипаттамасы Л. Л. Божко, А. С. Уалтаеваның еңбектерінде, сонымен қатар Н. К. Нұрланованың жетекшілігімен жүргізілген зерттеуде қарастырылған [2].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Моноқалалар өздерінің алуан түрлілігінде бірқатар ерекшеліктерге ие, оларды әлеуметтік-экономикалық жағдайын талдау кезінде және оларды дамыту бойынша басқарушылық шешімдер қабылдау кезінде ескеру қажет. Бірқатар экономистердің пікірінше олардың ішіндегі ең маңыздылары:

1. Елдің мемлекеттік-әкімшілік орталықтары ретінде моноқалалардың бірегей тарихи қалыптасқан мамандануы;

2. Моноқала мемлекеттің және оның елді мекендердің осы түрлеріне қатысты жүргізіп отырған саясатына жоғары тәуелділігі;

3. Әлемдік шикізат нарықтарындағы жағдайдың нашарлауы немесе мемлекеттік тапсырыстардың төмендеуі, қала құраушы кәсіпорынның да, бүкіл қаланың да сыртқы факторлардың өзгеруіне тұрақсыздығы және жоғары тәуелділігі (Кесте 1);

4. Жұмыс күші ретінде халықтың аумақтық ұтқырлығының болмауы. Өндірістегі құрылымдық өзгерістер жағдайында жұмыс күшінің моноқаладан тыс жаппай қозғалысы болмайды.

5. Бүкіл қаланың өміршеңдігінің қала құраушы болып табылатын және осы елді мекеннің әлеуметтік-экономикалық дамуын анықтайтын негізгі кәсіпорынның (немесе технологиялық байланысты кәсіпорындар тізбегінің) жай-күйі мен дамуына тәуелділігі;

6. Олардың аумағында тұратын адамдардың ерекше қауымдастығының болуы. Бұл қауымдастық моноқаланың тұрғындарын біріктіретін тұрақты әлеуметтік, экономикалық және психологиялық байланыстардың болуымен сипатталады [3; 4].

Моноқалалардың мәселелері жүйелі. Экономиканы әртараптандыру, оқшаулау мен қала құраушы кешенге қосылуды азайту ғана емес, сонымен қатар брендинг тұжырымдамасын іске асыру қажет. Моноқала брендин құру оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруды көздейді, әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға, қала тұрғындарының өзін-өзі бағалауы мен өзін-өзі тануын арттыруға ықпал етеді [5; 6; 7].

Кесте 1 – Моноқалалардағы мәселелік факторлар

Сыртқы факторлар	Ішкі факторлар
Шикізат нарығынан тәуелділік	Кәсіпорынның технологиясының тозуы, өнімнің жоғары өзіндік құны
Экспорт көлемінің азаюы	Төмен инвестиция көлемі
Әлемдік нарықтағы баға жағдайы	Қала түзуші кәсіпорындағы жоғары жұмысбастылық, салық түсімінің үлесі
Ескерту-авторлар дереккөз негізінде құрастырған [3; 4]	

Моноқалалар брендингі қаланың оң имиджін қалыптастыру, беделді арттыру, іскерлік және әлеуметтік бәсекеге қабілеттілікті арттыру, инвесторлар мен мемлекеттік тапсырыстарды тарту, қаланың ұлттық және халықаралық бағдарламаларды іске асыруға тартылуы, жаңа жұмыс орындарын құру, қала құраушы кешенге экономикалық және әлеуметтік тәуелділікті азайту, қала ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру мақсатын көздейді (Кесте 2).

Кесте 2 – Моноқала брендинің құрудағы тәсілдер нұсқасы

Қала бренді	Өзекті құзырет, базалық шарттар
Қала-курорт	Климат, архитектура, теңіз
Табиғи-тарихи қалалар	Табиғат, мәдениет, дәстүрлер, ерекше табиғи объектілердің қасында орналасу
Мәдени-тарихи қалалар	Мәдениет, архитектура, сән, ескерткіштер
Экологиялық қалалар	Комфорт, қауіпсіздік, демалыс
Инновациялық орталықтар	Технологиялар, білім беру, ғылым
Экономикалық орталықтар	Бизнес, көрмелер, инфрақұрылым
Ескерту-авторлар дереккөз негізінде құрастырған [2]	

Қазақстанда 27 моноқала бар, онда 1,4 млн. адам тұрады және 32 қала құраушы кәсіпорын жұмыс істейді. 2015 жылдан 2021 жылға дейін моноқалаларда ақшалай түрдегі өнеркәсіп өндірісінің көлемі 6,3 трлн теңгеден 11,2 трлн теңгеге дейін өсті. Қазіргі таңда моноқалалар Қазақстан бойынша өнеркәсіптік өндіріс көлемінің 29 % қамтамасыз етеді.

Моноқалалар санатына халық саны 10-нан 200 мың адамға дейінгі қалалар енгізілген. Қазір Қазақстанда 1,5 млн. адам тұратын 27 бұрынғы және жұмыс істеп тұрған моноқалалар бар (бұл бүкіл Қазақстан халқының 8 %). Ең ірі моноқала - 185 мыңнан астам халқы бар Теміртау, ал халқы үнемі азайып бара жатқан ең кішкентай моноқалалар Серебрянск және Курчатов болып саналады.

Халықаралық маңызы бар автомобиль жолдарының бойында бес қала (Балқаш, Теміртау, Жаңаөзен, Құлсары, Хромтау), республикалық маңызы бар моноқалалар он (Рудный, Ақсу, Арқалық, Абай, Жітіқара, Риддер, Курчатов, Кентау, Жезқазған, Қаражал) болып саналады, шекара маңындағы аумақтарда бір моноқала - Жітіқара орналасқан [7].

Қазақстанда ұйымдастыру тетігі тұрғысынан мемлекеттік саясаттың эволюциясы процесінде сабақтастықтың неғұрлым жоғары дәрежесі, моноқалаларды дамытуды және мемлекет дамуының стратегиялық басымдықтарын интеграциялау әрекеттері, мемлекеттік қолдау бағдарламаларына қатысатын моноқалалардың жоғары үлесі оң тәжірибе болып саналады.


Дегенмен қазіргі таңда Қазақстандағы моноқалалар мәселесі шешілмеген күйінде қалып отыр. Ол белгіленген елді мекендердің экономикасы қала құраушы кәсіпорынның қызметіне тәуелділігімен байланысты, яғни әлеуметтік-экономикалық проблемалар тізбегін тудырады: қала құраушы кәсіпорынның сұранысқа тәуелділігі дағдарыс жағдайында, жергілікті және отбасылық бюджеттерде – осы кәсіпорынның қаржылық жағдайына байланысты күшейеді, бұл жұмыссыздықтың өсуіне әкеледі. Осылайша, моноқаланың әлеуметтік-экономикалық жағдайын зерттеу, бағалау және болжау ғылымның басым бағыттарын дамыту тұрғысынан өзекті болып табылады (Сурет 1).

Су құбыры және кәріз желілерінің тозуы орта есеппен 61 % құрайды, ал Арқалық, Балқаш, Шахтинск, Теміртау қалаларында 90 %-ға дейін жетеді.

Жылу желілері мен электр беру желілерінің тозуы орта есеппен 55 % құрайды, ал жекелеген моноқалаларда (Арқалық, Серебрянск, Шахтинск) – 85 % құрайды. Моноқалалардағы автомобиль жолдарының 40 % қанағаттанарлықсыз жағдайда.

Сонымен қатар жұмыспен қамтудың қала құраушы кәсіпорындардың перспективаларына жоғары тәуелділігі байқалады. Тек 2019 жылдан 2020 жылға дейін мұндай өндірістерде жұмыс істейтіндер саны 5 %-ға азайды.

Жаңаөзенде, Арқалықта және басқа да бірқатар қалаларда шикізат қорларының сарқылуы оларды әлеуметтік шиеленістің әлеуетті ошақтарына айналдырады.



Сурет 1 – Моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық даму факторлары
Ескерту – [8] әдебиет негізінде автормен құрастырылған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 16 қарашадағы № 767 Қаулысына сәйкес Хромтау облысының Хромтау қаласы облыс орталығы - Хромтау қаласымен тығыз экономикалық байланыста 96 км қашықтықта орналасқан Хромтау агломерациясының моноқаласы ретінде айқындалды. Хромтау қаласы жоғары көліктік-логистикалық әлеуетке ие, өйткені ол Батыс Еуропа-Батыс Қытай халықаралық транзиттік дәлізінің бөлігі болып табылатын М-32 халықаралық маңызы бар автомобиль жолының бойында орналасқан. Орск-Атырау желісінен теміржол тармағының соңғы стансасы болып табылады [1,4].

Өңірлерді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, Хромтау негізінен дамып келе жатқан тау-кен және өңдеу өнеркәсібі бар ФҚА (функционалды қалалық аудан) құрамында. Қала құраушы кәсіпорын – Дөң тау-кен байыту комбинаты («Қазхром «ТҰК»» АҚ филиалы) – хром кенін өндіру бойынша әлемдегі ең ірі кәсіпорындардың бірі. Қала түзуші кәсіпорындағы қызметкерлер саны 7,4 мың адам құрайды. Экспортталатын өнеркәсіптік өнімнің негізгі түрі – хром кені.

Хромтау қаласының халқы 2023 жылдың 1 наурызына 29 982 адамды құрайды. Бұл ретте экономикалық белсенді халық 18 037 адамды немесе халықтың жалпы санының 65,8 % құрайды. Оның ішінде қазақтар – 80,5 %, орыстар – 12,0 %, басқалар – 7,5 %. Тіркелген жұмыссыздық деңгейі 0,9% болса, жұмыссыздар саны 166 адамды құрайды. Қала аумағы 6000 га, оның ішінде қоныстану аймағы 2000 га құрайды.

Хромтау қаласында 7 білім беру нысаны, 3 денсаулық сақтау нысаны, 2 мәдениет нысаны қызмет етеді. Хромтау қаласының жылдық бюджеті 1 млрд. теңге көлемінде құрайды, оның он пайызы ғана салық түсімдері болса, қалғаны жоғары тұрған бюджеттерден трансферттер болып табылады.

2022 жылдың қорытындысы бойынша жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2 092 құрады. 2022 жылы қолданыстағы бағамен өнеркәсіп өнімінің (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) көлемі 138 449,9 млн. теңгені құрайды, бұл көрсеткіш алдыңғы 3 жылмен салыстырғанда өсу қарқынына ие.

Кесте 3 – Хромтау қаласының әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері

№	Көрсеткіш атауы	Өлшем б.	2019	2020	2021	2022
	Қаланың сипаттамасы					
1	Жер көлемі	км ²	58,02	58,02	58,02	58,02
2	Халық тығыздығы	чел/км ²	468,1	472,9	513,6	516,2
	Экономика					
1	Өнеркәсіп	млн. теңге	112054,4	113272,1	117721,4	138449,9
2	Тау-кен өнеркәсібі	млн. теңге	110 310,00	111621,1	113152,3	135410,1
3	Өңдеу өнеркәсібі	млн. теңге	1613,4	1524,1	1627,5	2011,5
4	Негізгі капиталға инвестициялар	млн. теңге	48 891,50	55 542,50	36237,7	8789,1
5	Көрсетілген қызмет көлемі	млн. теңге	2 667,70	2188,8	2259,4	2335
3	Қаржылық тұрақтылық					
1	Жергілікті бюджеттен нақты түсімдер	млн. теңге	144,2	158,1	121,8	176,8
2	Жергілікті бюджет шығындары	млн. теңге	778,2	1 211,40	1027,1	1661,5
3	Трансферттер	млн. теңге	663,9	1 013,70	897,7	1019,9
	Шағын және орта бизнес					
1	Тауар, қызмет шығару көлемі	млн. теңге	43 772	30748	40 211,5	41 509,3
2	Тіркелген ШОК субъектілері	бірл.	1 572	1 902	1 914	2 185
3	Әрекет етуші ШОК субъектілерінің саны	бірл.	1 484	1 811	1 811	2 092
4	Грант сомасы	млн. теңге	3,4	-	8	4,9
5	Субсидия сомасы	млн. теңге	802,1	1385,1	839,2	2165,4
6	Микрокредит сомасы	млн. теңге	37,2	220	352,1	268,8
7	Кепілдендірілген несие сомасы	млн. теңге	204	589,5	373,9	766,8
Ескерту – авторлар [9] әдебиет негізінде құрастырған						

Хромтау моноқаласының әлеуметтік-экономикалық даму факторларына талдау жасасақ, ол төмендегідей сипатқа ие болады (Сурет 2). Хромтаудың қала түзуші кәсіпорыны Дөң тау-кен байыту комбинаты болып табылады, мұнда қала халқының 25 % астамы еңбек етеді. Комбинат 1938 жылы құрылған. Бүгінгі таңда кәсіпорынның моральды және табиғи тозу деңгейі орташа деп бағаланады. «Қазхром» ТҰК» АҚ қауіпсіздік сұрақтарына тиімді халықаралық әдіснама негізінде ерекше көңіл бөледі. Комбинат қызметкерлерінің мүддесі ұжымдық келісім-шартпен қорғалады. Қала түзуші кәсіпорынның техникалық жағдайы орташа деп бағаланады.

Дөң тау-кен байыту комбинатының жалпы Хромтау қаласының өндіріс көлеміндегі үлесі 95 %-дан астам құрайды, 2022 жылы қаланың өнеркәсіптік өнім көлемі 138 449,9 млн. теңге құраса, оның 135 410,1 млн. теңгесі тау-кен өнеркәсібі болып табылады.



Сурет 2 – Хромтау моноқаласының әлеуметтік-экономикалық даму жағдайы
Ескерту – [9] әдебиет негізінде автормен құрастырылған

Хромтау қаласының экономикалық инфрақұрылымының дамуы жақсы деңгейде деп бағаланады. 2009 жылы кірпіш зауыты, 2015 жылы сүт өнімдерін өндіретін «Агрофирма Тау» ЖШС және 2022 жылы асфальт («Сапалы асфальт» ЖШС) және бетон зауыттары («Garysh beton» ЖШС) ашылып, табысты қызмет етіп жатыр.

Көлік коммуникацияларының жағдайы 85 % жақсы деп бағаланады. E.R.G. компаниясының «Туған қала» жобасының аясында қала ішілік жолдарға жыл сайын жөндеу жұмыстары жүргізіліп отырады. Хромтау қаласы бойынша 88 көшенің 85 % асфальтталған.

Қазақстанның моноқалаларына тән мәселенің бірі инфрақұрылымның тозуы Хромтау қаласы үшін де өзекті болып келеді. Хромтау қаласы бойынша жылумен жабдықтау желілерінің ұзындығы 99,6 км құрайды, оның тозуы – 51 %, орталық қазандықтардың тозуы – 30 %, қаланың сумен жабдықтау желілерінің ұзындығы 187,2 км, тозуы – 55 %, электрмен жабдықтау желілерінің жалпы ұзындығы 101,2 км құраса, оның тозуы – 45 %, кәріз желілерінің ұзындығы 16,4 км, ал тозу деңгейі 80 % құрайды. Қазіргі таңда Хромтау ауданы 100 % жарықтандырылған.

Хромтау қаласында кәсіпкерлікті қолдау жүйесі жеткілікті дамыған. Республикалық деңгейде жүзеге асырылған мемлекеттік бағдарламалар – «Бизнестің жол картасы-2025», «Нұрлы жер», «Еңбек», т.б. аясында бірқатар бизнес субъектілері қосылып, өз қызметін жандандыра алды. Хромтау қаласының бизнес субъектілері грант, субсидия, кепілдендірілген несие, микрокредит алушылар арасында белсенді болып табылады [8; 10; 11]. Бүгінгі күні Хромтау қаласында 2000-нан астам белсенді бизнес субъектілері жұмыс жасайды.

Хромтау қаласының төртінші деңгейлі бюджет бойынша салық түсімдері соңғы 3 жылда 120-176 млн. теңге көлемінде құрайды. Салық базасын кеңейту бойынша жұмыстар белсенді жүргізіледі.

Хромтау қаласын арнайы қолдау жүйесі ретінде моноқалаларды дамыту бағдарламасы мен «Өркен» өңірлік бағдарламасы болып табылады. «Өркен» өңірлік бағдарламасының мақсаты - Хромтау моноқаласындағы кәсіпкерлікті әрі қарай дамыту, соның ішінде ірі кәсіпорындардың айналасына шағын және орта бизнестің белдеуін құру мақсатында жеңілдетілген 3 % мөлшермен 30,0 млн. теңгеге дейін бизнес субъектілерін несиелеу болып табылады. Бүгінгі таңда «Өркен» бағдарламасы бойынша Хромтау қаласынан 4 жоба мақұлданды, олар – клинингтік қызмет көрсету, кемпинг, арнайы техника және су шығару цехын ашу бойынша жобалар. Ал 21 жоба екінші деңгейлі оператор «Банк РБК» АҚ және «БанкЦентрКредит» АҚ Хромтау филиалдарымен бағалануда. Инвестициялық жобаларға 5 жылға, айналым қаражатын толықтыруға 3 жылға несие беру қарастырылған. Бұл бағдарламаның артықшылығы салалық шектеуі жоқ.

Көптеген елдердің, оның ішінде Қазақстанның тәжірибесі көрсетіп отырғандай, экономикалық дағдарыс, ресурстардың сарқылуы немесе қала тұзуші кәсіпорынның тоқтап қалуы кезінде моноқала үшін салдарлары өте қауіпті болып саналады. Хромтау қаласы ТМД, әлем бойынша жоғары сапалы хромит өндіру бойынша басты монополиялық орталық болып табылады [12; 13; 14].

Жоғарыда келтірілген талдауды негізге ала отырып, Хромтау қаласының тұрғындарына сауалнама әдісі арқылы «Ақылды қала» рейтингісі бойынша зерттеу жүргізілді. Сауалнама үлгілері қала тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту үшін өмірлік маңызы бар «ақылды қаланы» дамытуға өз үлестерін қосуға дайын екендігін көрсетеді [15].

Сауалнама функциясы қаладағы нақты процестерді қадағалау үшін тұрғындар арасында белсенді түрде жүргізілді. Сауалнама ғылыми зерттеулердің бағыттарына, сондай-ақ мақсатына, кеңістіктік және уақыттық параметрлеріне, жүзеге асырылу ауқымына және деңгейіне байланысты жіктелді. Сауалнама халықтық қадағалауға бағытталғандықтан, қаладағы жаңа мүмкіндіктерді анықтауға, оларды жүзеге асырудың жағдайларын қамтамасыз етуге, мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асуына тікелей қатысты болатындығы тиімді болып көрінеді. Алынған нәтижелер қаланың цифрлық дамуына бағытталған ұсыныстары негіз бола алады. Бұл сауалнама анализсіз жасауға, халықтың мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуына конструктивті рөл ойнауға және жаңа рационалды әрекетті жүзеге асыруға мүмкіндік береді.


Зерттеу барысында қала тұрғындарынан «Google Forms» бағдарламалық жасақтамасы арқылы 202 тұрғынның берген жауабы жинақталды. Қалалық цифрландыру деңгейін бағалау үшін «Ақылды қала» тұжырымдамасының негізгі алты идеясы бойынша 4-кестедегідей сұрақтар қойылды.

Кесте 4 – Хромтау қаласы тұрғындарының «Ақылды қала» рейтингісі бойынша жүргізілген сауалнама сұрақтары

№	Сауалнама сұрақтары
1.	Хромтау қаласында Адамдарға қолайлы орта қалыптастыруға байланысты қаланың әр түрлі бағыттарына қол жетімділікке мүмкіндік беретін мобилді шешімдер жүзеге асырылуда деп ойлайсыз ба?
2.	Хромтау қаласы тұрғындарының қажеттіліктеріне сәйкес тиімді әлеуметтік орта қалыптастырылды деп ойлайсыз ба?
3.	Хромтау қаласындағы «Ақылды қала» құрудағы тұрғындардың қоршаған ортаны қорғауға байланысты экологиялық мәдениеті қанағаттанарлық па?
4.	«Ақылды қала» бойынша цифрлық экономикалық дамуды, кәсіпкерлікті, жұмыспен қамту нарығын, туризмді және инвестицияларды жұмылдыру қандай деңгейде деп ойлайсыз?
5.	Жаңа IT-технологияларды көптеп енгізу негізінде еңбек өнімділігін арттыру деңгейіне қандай баға бересіз?
6.	Хромтау қаласындағы жергілікті атқарушы органдардың халықпен тығыз қарым-қатынас орнатуына, яғни мемлекеттік органдардың ашықтығына қандай баға бересіз?
Ескерту – автормен құрастырылған	

Ақылды қалалардың рейтингісін анықтау бақылау құралдары мен әдістері мониторинг жүргізілетін қызмет саласына байланысты өзгеріп отырады. Алайда, Біз ең кең таралған онлайн сауалнама әдісін пайдаланып, Хромтау қаласының тұрғындары арасында онлайн сауалнама жүргізу арқылы олардың өмір сапасының жаңа индикаторларының жаңа үлгісін құруға тырыстық. Бұл «Ақылды қала» жобалары үшін қалалық қоршаған ортаны бақылауда маңызды рөл атқарады.


Сауалнама 10 баллдық шкала түрінде бағалау арқылы жүзеге асты. Сондай-ақ, сауалнамала жүргізу барысында қала тұрғындары белсенділік танытты. Біздің зерттеуімізге байланысты сауалнамаға нәтижелері айтарлықтай ерекшеленіп, қаланың ақылдығын анықтауда айтарлықтай әсер етті. Оның нәтижесі төмендегі 3-8 суреттерде көрсетілген.



Сурет 3 – Сауалнаманың «Адамдарға қолайлы орта» бағыты бойынша қойылған сұрағының нәтижесі

Ескерту – авторлармен құрастырылған


Сауалнаманың «Адамдарға қолайлы орта» бағыты бойынша қойылған сұрағының нәтижесі бойынша 1 балл – 9.4 %, 2 балл – 8.9 %, 3 балл – 10.3 %, 4 балл – 9.9 %, 5 балл – 7.4 %, 6 балл – 7.9 %, 7 балл – 10.3 %, 8 балл – 11.3 %, 9 балл – 12.3 %, 10 балл – 11.8 % құрады (Сурет 3).



Сурет 4 – Сауалнаманың «Әлеуметтік орта» бағыты бойынша қойылған сұрағының нәтижесі

Ескерту - авторлармен құрастырылған


Сауалнаманың «Әлеуметтік орта» бағыты бойынша қойылған сұрағының нәтижесі бойынша 1 балл – 10.3 %, 2 балл – 7.4 %, 3 балл – 11.8 %, 4 балл – 7.4 %, 5 балл – 8.9 %, 6 балл – 6.9 %, 7 балл – 10.8 %, 8 балл – 10.3 %, 9 балл – 11.3 %, 10 балл – 14.3 % құрады (Сурет 4).



Сурет 5 – Сауалнаманың «Экологиялық мәдениет» бағыты бойынша қойылған сұрағының нәтижесі


Ескерту – авторлармен құрастырылған

Сауалнаманың «Экологиялық мәдениет» бағыты бойынша қойылған сұрағының нәтижесі бойынша 1 балл – 8.4 %, 2 балл – 6.4 %, 3 балл – 10.8 %, 4 балл – 13.3 %, 5 балл – 7.4 %, 6 балл – 9.4 %, 7 балл – 8.9 %, 8 балл – 10.3 %, 9 балл – 14.3 %, 10 балл – 10.3 % құрады (Сурет 5).




Сурет 6 – Сауалнаманың «Цифрлық экономика» бағыты бойынша қойылған сұрағының нәтижесі
 Ескерту – авторлармен құрастырылған

Сауалнаманың «Цифрлық экономика» бағыты бойынша қойылған сұрағының нәтижесі бойынша 1 балл – 7.4 %, 2 балл – 10.8 %, 3 балл – 11.8 %, 4 балл – 10.3 %, 5 балл – 11.8 %, 6 балл – 8.9 %, 7 балл – 9.9 %, 8 балл – 10.3 %, 9 балл – 9.4 %, 10 балл – 8.9 % құрады (Сурет 6).



Сурет 7 – Сауалнаманың «IT-технологиялар» бағыты бойынша қойылған сұрағының нәтижесі
 Ескерту – авторлармен құрастырылған

Сауалнаманың «IT-технологиялар» бағыты бойынша қойылған сұрағының нәтижесі бойынша 1 балл – 10.8 %, 2 балл – 10.3 %, 3 балл – 11.3 %, 4 балл – 8.4 %, 5 балл – 8.9 %, 6 балл – 12.3 %, 7 балл – 7.9 %, 8 балл – 7.4 %, 9 балл – 10.3 %, 10 балл – 10.8 % құрады (Сурет 7).



Сурет 8 – Сауалнаманың «Тиімді мемлекеттік басқару» бағыты бойынша қойылған сұрағының нәтижесі
 Ескерту – авторлармен құрастырылған

Сауалнаманың «IT-технологиялар» бағыты бойынша қойылған сұрағының нәтижесі бойынша 1 балл – 11.8 %, 2 балл – 11.3 %, 3 балл – 8.9 %, 4 балл – 10.3 %, 5 балл – 10.8 %, 6 балл – 7.4 %, 7 балл – 8.9 %, 8 балл – 10.8 %, 9 балл – 11.3 %, 10 балл – 7.4 % құрады (Сурет 8).

Сонымен қатар, Хромтау қаласындағы «Smart city» тұжырымдамасына сәйкес іс-шараларға қатысты қала тұрғындары тарапынан «қанағаттанарлық», «білім беру саласына көп көңіл бөлу керек», «жоқтың қасы, жетілдіру керек», «ашықтықты жетілдіру керек» деген сынды пікірлер қалыптасты.

Жоғарыдағы сауалнамаларды нәтижесінде Хромтау қаласының «Ақылды қала» тұжырымдамасының негізгі идеясының элементтері бойынша ақылдылық көрсеткішін анықтау барысында келесідей формуланы негізге алдық. Төменде мысалдары келтірілген.

$$r_{xy} = \frac{\sum(x_i - \bar{x}) \times (y_i - \bar{y})}{\sqrt{\sum(x_i - \bar{x})^2 \times (y_i - \bar{y})^2}} \quad (1)$$

мұндағы, \bar{x}_i – баллдық шкала түріндегі бағалаудың X айнымалысының мәні;

\bar{y}_i – «Ақылды қала» тұжырымдамасының негізгі идеяларының Y айнымалысының мәні;

\bar{x} – баллдық шкала түріндегі бағалаудың X айнымалысы үшін орташа арифметикалық мәні;

\bar{y} – «Ақылды қала» тұжырымдамасының негізгі идеяларының Y айнымалысы үшін орташа арифметикалық мәні.

SC коэффициенті -1 мен +1 аралығындағы сызықтық қатынастың жақындығын көрсетеді. Егер SC=-1 болса, онда қалалардың ақылдылығының кері байланысы қалыптасқан, басқаша айтсақ қалада «Ақылды қала» тұжырымдамасының қарқыны баяу жүргізілгенін білдіреді. SC=0 болса, онда қалалардың ақылдылық байланысы мүлдем жоқ деген сөз, яғни қала «Ақылды қала» санатына жатпайды. Ал егер SC=1 болса, онда қалалардың ақылдылығының оң қатынасы анықталады.

Есептеу нәтижесі барлық уақытта (-1:1) аралығындағы мәндерге ие болады. Хромтау қаласының ақылдылық коэффициентін анықтау барысындағы сауалнама қорытындысы нақты мәндермен анықталды. Сауалнама мәндері көрсеткендей, респонденттер келесідей «ақылды қала» компоненттеріне басымдық береді (Кесте 5).

Кесте 5 – Хромтау қаласы тұрғындарының «Ақылды қала» рейтингісі бойынша жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша ақылдылық коэффициентінің мәні

Көрсеткіштер	Мәні
Адамдарға қолайлы орта – Қо	0.60175718
Әлеуметтік орта (ақылды қоғам) – Әо	0.504012281
Экологиялық мәдениет – Әм	0.441762021
Цифрлық экономика – Цэ	-0.11710057
IT-технологиялар – IT	-0.200185443
Тиімді мемлекеттік басқару – тМб	-0.437128261
Ақылды қала – SC	0.793145742
Ескерту – авторлармен құрастырылған	

Осыған орай, Хромтау қаласы тұрғындарының әл-ауқатын жақсартудың маңыздылығын атап өтіп, қаланың ақылдылық коэффициенті – 0.793145742 мәніне тең болды. Ал ол Хромтау қаласының «ақылды қала» тұжырымдамасының орындалу барысы қарқынды жүргізілуде дегенді білдіреді.

Бүгінде имиджді өзгерту және инвестициялар тарту мақсатында өнеркәсіптік моноқаланы ребрендинг жүргізу мәселесі ерекше өзекті болып отыр [16]. Моноқалаларды қолдаудың халықаралық тәжірибесінде сұранысқа ие өнімді шығару мақсатында әртараптандыру және «жана бизнес» құру бар. Моноқаланың брендин қалыптастыру тәсілінің Хромтау қаласы үшін инновациялық орталық және экономикалық орталық ретінде нұсқалары тиімді болады деп санаймыз. Дуалды оқыту жүйесін дамыту бойынша Дөң тау-кен байыту комбинаты мен Хромтау тау-кен жоғары колледжі тығыз байланыста жұмыс жасайды.

Бұл біздің жағдайымызда моноқаланы жаңа, перспективалы бағыттар мен қызмет салаларының пайдасына ребрендинг жасау арқылы мүмкін болады. Имидждік міндеттерді жүзеге асыру жалпы экономикалық сауықтыру және моноқалаларды мемлекеттік қолдаусыз мүмкін емес, сонымен бірге, бұл брендті қалыптастыру және нығайту бойынша жұмыс монотерриториялардың экономикалық жандануына негіз бола алады [17].

ҚОРЫТЫНДЫ

Хромтау қаласының көлік-логистикалық әлеуеті, географиялық орналасуы, шикізат қорының болуы, облыс орталығына жақын орналасуы, т.б. қолайлы шарттардың болуы моноқаланы одан әрі дамыту және қолдау мақсатында төмендегі шараларды жүзеге асыруды ұсынамыз:

- қаланың экономикалық жағдайын, әлеуетін зерттеу (халықтан сұраулар, кәсіпкерлермен фокус-топ жұмысы, т. б. сандық және сапалық зерттеулер жүргізу);

- моноқаладағы қала түзуші кәсіпорынның шекті әлеуеті жағдайында экономиканы әртарапандыру (қаланың орналасу орны, адам капиталы, кәсіпкерлікке қолайлылығы);

- қала тұрғындары арасында кәсіпкерлік қызметті белсенді дамыту (кәсіпкерлікке жеңілдікпен несиелер беру, ҚР заңнамасына сәйкес салықтық және басқа да міндеттемелерді орындау кезінде кәсібін жаңа бастаған кәсіпкерлерді тегін консультациялық сүйемелдеу, олардың жергілікті мемлекеттік сақтық алуға қатысуын оңайлату шаралары және басқалар);

- моноқалалардағы халықтың миграциялық көңіл-күйін және әлеуметтік әл-ауқатын зерттеу (халықтың әлеуметтік мәселелерін, моноқалалардың әлеуметтік тартымдылығын зерттеу);

- тууды және басқа жерлерден жастардың келуін ынталандыратын әлеуметтік шаралардың жеке пакетін енгізу (жеңілдетілген ипотекалық несиелеу, мамандық бойынша жұмыс ұсыну, жалақыға үстемеақы коэффициенті, жас отбасыларға арналған ана капиталы және басқалар);

- «Дипломмен ауылға!» бастамасына моноқалаларды кірістіру;

- моноқаланың транзиттік әлеуетін дамыту мақсатында тиімді көліктік логистикалық инфрақұрылым құру жөніндегі жобаларды іске асыру;

- «Халық қатысатын бюджет» жобасын тиімді жүзеге асыру;

- Хромтау қаласының брендін, имиджін инвесторлар үшін танымал болу үшін қалыптастыру.

Жалпы Қазақстан Республикасындағы моноқалаларды дамыту бағыты халықтың неғұрлым қолайлы өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету үшін шығындарды азайтуға және қаладағы жалпы әлеуметтік-экономикалық және экологиялық жағдайды жақсартуға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Assanova G. B., Nurseitova G. B. Analysis of programs for the development of singleindustry towns in the Republic of Kazakhstan // *Central Asian Economic Review*. – 2022. – № 1(142). – P. 73-85. – DOI 10.52821/2789-4401-2022-1-73-85.

2. Моногорода Казахстана: методические основы оценки состояния и направления развития / Под ред. Н. К. Нурлановой. – Алматы: Институт экономики КН МОН РК, 2014. – 256 с.

3. Исаков Г. Ж., Омирзакова Н. Н. Анализ современного состояния проблем социально-экономического развития моногородов Казахстана // *Наука и мир*. – 2016. – № 3-2(31). – С. 23-25.

4. Sayimova M. D., Duisenbaeva B. B., Demeuova G. K. Problems of development of Kazakhstan monodies // *Statistics, Accounting and Audit*. – 2019. – № 2(73). – P. 159-164.

5. Кайгородцев А. А. Проблемы социально-экономического развития моногородов Казахстана // *Россия: тенденции и перспективы развития: Ежегодник, Курск, 4-5 июня 2021 года*. – Москва: Институт научной информации по общественным наукам РАН, 2021. – № 16(2). – С. 852-854.

6. Иванова, М. В. Основные направления государственной политики в области экономической поддержки моногородов // *Государственное и муниципальное управление. Ученые записки*. – 2019. – № 3. – С. 268-276. – DOI: 10.22394/2079-1690-2019-1-3-268-276.

7. Омаркожаева А. Н., Абибаева М. Д. Проблемы эффективного функционирования моногородов в Республике Казахстан // Проблемы агрорынка. – 2016. – № 2. – С. 61-64.
8. Егорова Н. Н. Ребрендинг промышленного моногорода как основа его стратегического развития // Учим управлять и учимся управлять: Сборник научных трудов по материалам 5 Научно-практической конференции школьников, студентов и преподавателей. – Кемерово: Кузбасский государственный технический университет имени Т. Ф. Горбачева, 2019. – С. 61-64.
9. Қауымдастықтың жеке елдерінің негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері [Электронный ресурс] // Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы [web-портал]. – 2021. – URL: <https://stat.gov.kz/official/dynamic> (Дата обращения: 24.04.2023).
10. Al-Shboul M., Mhafzah T. The use of Scopus database in academic research: A review // Journal of Information Science Theory and Practice. – 2017. – № 5(2). – P. 62-73.
11. Han X., Li Y., Yang Y. Bibliometric analysis of research on regional marketing: A case study of Scopus database // Journal of Industrial Engineering and Management Science. – 2020. – № 3(1). – P. 10-22.
12. Koroušić Seljak B., Podgornik B. Bibliometric study of marketing research publications in Scopus // Journal of Business Research. – 2017. – № 78. – P. 160-170.
13. Raviv T., Shoham A. Mapping the intellectual structure of strategic management research: A bibliometric study of the Strategic Management Journal, 1980-2014 // Strategic Management Journal. – 2017. – № 38(1). – P. 179-191.
14. Ružić K., Šimić I. Bibliometric analysis of research on destination branding: A review of publications in the Scopus database // Journal of Vacation Marketing. – 2016. – № 22(2). – P. 195-208.
15. Wang L., Zhang T. Bibliometric analysis of research on green marketing: A review of publications in the Scopus database // Journal of Cleaner Production. – 2019. – № 210. – P. 745-756.
16. Zou P., Li J. Bibliometric analysis of research on city branding: A review of publications in the Scopus database // Journal of Place Management and Development. – 2016. – № 9(1). – P. 4-20.

REFERENCES

1. Assanova, G. B. and Nurseitova, G. B. (2022). Analysis of programs for the development of singleindustry towns in the Republic of Kazakhstan. *Central Asian Economic Review*, 1(142), 73-85, DOI: 10.52821/2789-4401-2022-1-73-85.
2. Nurlanova, N. K. (Eds.). (2014). *Monogoroda Kazahstana: metodicheskie osnovy ocenki sostoyaniya i napravleniya razvitiya*. Institut ekonomiki KN MON RK, Almaty, 256 p. (In Russian).
3. Isakov, G. Zh. and Omirzakova, N. N. (2016). Analiz sovremennogo sostoyaniya problem social'no-ekonomicheskogo razvitiya monogorodov Kazahstana. *Nauka i mir*, 3-2(31), 23-25 (In Russian).
4. Sayimova, M. D., Duisenbaeva, B. B. and Demeuova, G. K. (2019). Problems of development of Kazakhstan monodies. *Statistics, Accounting and Audit*, 2(73), 159-164.
5. Kajgorodcev, A. A. (2021). Problemy social'no-ekonomicheskogo razvitiya monogorodov Kazahstana. *Rossiya: tendencii i perspektivy razvitiya: Ezhegodnik, Kursk*, 4-5 iyunya 2021 goda, 16(2), 852-854 (In Russian).
6. Ivanova, M. V. (2019). Osnovnye napravleniya gosudarstvennoj politiki v oblasti ekonomicheskoy podderzhki monogorodov. *Gosudarstvennoe i municipal'noe upravlenie. Uchenye zapiski*, 3, 268-276, DOI: 10.22394/2079-1690-2019-1-3-268-276 (In Russian).
7. Omarkozhaeva, A. N. and Abikaeva M. D. (2016). Problemy effektivnogo funkcionirovaniya monogorodov v Respublike Kazahstan. *Problemy agrorynka*, 2, 61-64 (In Russian).
8. Egorova, N. N. (2019). Rebranding promyshlennogo monogoroda kak osnova ego strategicheskogo razvitiya. *Uchim upravlyat' i uchimsya upravlyat': Sbornik nauchnyh trudov po materialam 5 Nauchno-prakticheskoy konferencii shkol'nikov, studentov i prepodavatelej. Kuzbasskij gosudarstvennyj tekhnicheskij universitet imeni T. F. Gorbacheva, Kemero*, 61-64 (In Russian).

9. Kauymdastyktyн zheke elderinin negizgi aleumettik-ekonomikalyk korsetkishteri. (2021). Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan. Retrieved April 24, 2023, from <https://stat.gov.kz/official/dynamic> (In Kazakh).

10. Al-Shboul, M. and Mhafzah, T. (2017). The use of Scopus database in academic research: A review. *Journal of Information Science Theory and Practice*, 5(2), 62-73.

11. Han, X., Li, Y. and Yang, Y. (2020). Bibliometric analysis of research on regional marketing: A case study of Scopus database. *Journal of Industrial Engineering and Management Science*, 3(1), 10-22.

12. Koroušić Seljak, B. and Podgornik, B. B. (2017). Bibliometric study of marketing research publications in Scopus. *Journal of Business Research*, 78, 160-170.

13. Raviv, T. and Shoham, A. (2017). Mapping the intellectual structure of strategic management research: A bibliometric study of the *Strategic Management Journal*, 1980-2014. *Strategic Management Journal*, 38(1), 179-191.

14. Ružić, K. and Šimić, I. (2016). Bibliometric analysis of research on destination branding: A review of publications in the Scopus database. *Journal of Vacation Marketing*, 22(2), 195-208.

15. Wang, L. and Zhang, T. (2019). Bibliometric analysis of research on green marketing: A review of publications in the Scopus database. *Journal of Cleaner Production*, 210, 745-756.

16. Zou, P. and Li, J. (2016). Bibliometric analysis of research on city branding: A review of publications in the Scopus database. *Journal of Place Management and Development*, 9(1), 4-20.

OPPORTUNITIES FOR TERRITORIAL MARKETING IN THE DEVELOPMENT OF THE SINGLE-INDUSTRY TOWN OF KHROMTAU

N. B. Shurenov¹, N. A. Tovma^{1*}, M. D. Saimova²

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan

²Aktobe State University named after K. Zhubanov, Aktobe, Republic of Kazakhstan

ABSTRACT

The purpose of the study is to analyze the state of socio-economic development of the city of Khromtau, the only single-industry town with high potential in the Aktobe region, and use marketing opportunities in further development

Methodology – general scientific research methods, such as analysis, comparison, generalization Uniqueness/ value of the study.

Originality / value of the research. It can be used in the development of a roadmap for the development of the region, a comprehensive development plan by socio-economic assessment of the pace of development of the monotown Khromtau.

Findings. As a result of the study, based on the results of the study of the socio-economic state of the monotown of Khromtau, it was determined that the economic, social sphere, and infrastructure situation are at an average level. Chromite ore mined and exported to Khromtau is competitive in the world due to its rich ore content and has special properties of the hardest chemical element. Chrome ore makes the city of Khromtau a potential monotown for the coming decades. Nevertheless, the production left over from Soviet times and the level of deterioration of some infrastructure facilities in the city remains high. Despite the large-scale work in this direction, in general, there are common problems characteristic of single-industry towns in Kazakhstan. The main goal of the development of single-industry towns should be the creation of new industries, improving the level and quality of life of people. Therefore, it is first necessary to create enterprises as a point of growth, and then develop the infrastructure for revenues from these enterprises to the budget. To do this, it is recommended to form the image of a single-industry town.

Keywords: single-industry town, city-forming enterprise, socio-economic indicators, infrastructure condition, investment opportunities, territorial marketing, branding.

Acknowledgments: This research has been funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (BR18574200 «The revival of monotowns in the conditions of the creation of New Kazakhstan based on territorial marketing»).

ВОЗМОЖНОСТИ ТЕРРИТОРИАЛЬНОГО МАРКЕТИНГА В РАЗВИТИИ МОНОГОРОДА ХРОМТАУ

Н. Б. Шуренов¹, Н. А. Товма^{1*}, М. Д. Сайымова²

¹Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, Алматы, Республика Казахстан

²Актюбинский государственный университет имени К. Жубанова, Актюбе, Республика Казахстан

АННОТАЦИЯ

Цель исследования – проанализировать состояние социально-экономического развития города Хромтау, единственного моногорода с высоким потенциалом в Актюбинской области, и использовать маркетинговые возможности в дальнейшем развитии

Методология – общенаучные методы исследования, такие как анализ, сравнение, обобщение, анкетирование и математическое моделирование.

Оригинальность / ценность исследования. Может применяться при разработке дорожной карты, комплексного плана развития для формирования имиджа региона посредством социально-экономической оценки темпов развития моногорода Хромтау.

В результате исследования по итогам изучения социально-экономического состояния моногорода Хромтау было определено, что экономическая, социальная сфера, инфраструктурная ситуация находятся на среднем уровне. Хромитовая руда, добываемая и экспортируемая в г. Хромтау, конкурентоспособна в мире из-за богатого содержания руды и обладает особыми свойствами самого твердого химического элемента. Хромовая руда делает город Хромтау потенциальным моногородом на ближайшие десятилетия. Тем не менее, производство, оставшееся с советских времен, и уровень износа некоторых инфраструктурных объектов в городе остается высоким. Несмотря на проведение масштабных работ в этом направлении, в целом возникают общие проблемы, характерные для моногородов Казахстана. Главной целью развития моногородов должно стать создание новых производств, повышение уровня и качества жизни людей. Поэтому сначала необходимо создать предприятия как точку роста, а затем развивать инфраструктуру для поступлений от этих предприятий в бюджет. Для этого рекомендуется формировать имидж моногорода.

Ключевые слова: моногород, градообразующее предприятие, социально-экономические показатели, состояние инфраструктуры, инвестиционные возможности, территориальный маркетинг, брендинг.

Благодарность: Статья подготовлена по программе BR18574200 «Возрождение моногородов в условиях создания Нового Казахстана на основе территориального маркетинга» в рамках программно-целевого финансирования Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ

Шуренов Нурсултан Бекетович – аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы, email: nursultan.shurenov@kaznu.edu.kz

Товма Наталия Александровна – PhD, экономика ғылымдарының кандидаты, «Бизнес – технологиялар» кафедра меңгерушісінің ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы, email: nataliya-tovma@mail.ru*

Сайымова Мейрамкул Дулаткызы – PhD, қауымдастырылған профессор, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы, email: 77mika-07@mail.ru, ORCID: 0000-0003-4089-1777

MPHTI 06.56.21

JEL Classification: O15; J44

DOI: <https://doi.org/10.52821/2789-4401-2023-3-107-122>

МАШИНА ЖАСАУ САЛАСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ: ҮНЕМДІ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ ПРИНЦИПТЕРІ

Н. Н. Нұрмұхаметов^{1*}, Ж. Б. Кинашева², Н. Т. Шайкенова¹

¹С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зертеу университеті, Астана, Қазақстан Республикасы

²Қазақ Еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясы, Алматы, Қазақстан Республикасы

АҢДАТПА

Зерттеудің мақсаты – жаһандық өзгерістер жағдайында машина жасау саласының қызметінің тиімділігін арттыруда үнемді және цифрлық технологияларды іске асырудың негізгі қағидаттарын қарастыру.

Зерттеу әдістері – зерттеу барысында ұсыныстарды негіздеу жүйелік талдау әдістерін, сондай-ақ ғылыми танымның жалпы әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырылды.

Зерттеудің бірегейлігі / құндылығы салыстырмалы тәсілсіз және үнемді және цифрлық технологиялардың негізгі принциптерін анықтамай, ірі кәсіпорындардың экономикалық қызметі олардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ете алмайтындығында. Демек, өндірістік процестің ұйымдастырылуы мен тиімділігін қамтамасыз етуде үнемді және цифрлық технологияларды пайдалануға көп көңіл бөлу керек.

Мақалада жаппай, үнемді және автоматтандырылған өндіріс экономикасының тиімділігіне салыстырмалы талдау жасалды, бүгінгі шындықты ескере отырып, өнеркәсіптік кәсіпорындар қызметіндегі бизнес-процестерді дамытудағы кемшіліктер мен проблемалар атап өтілді.

Зерттеу нәтижелері. Авторлар Мемлекеттік бағдарламалар мен машина жасау саласын дамыту стратегиясы контекстінде үнемді және цифрлық технологияларды дамытудың негізгі бағыттарын ұсынды. Атап айтқанда, үнемді және цифрлық технологияларды енгізудің тиімділігі кәсіпорындардың қызметін субсидиялау есебінен негізгі өндірістің өндірістік инфрақұрылымын дамытуға байланысты. Микро және макро ортаны ескере отырып, машина жасау саласының кәсіпорындары үшін үнемді экономика қағидаттарын енгізудің негізгі шарттары атап өтілді.

Келесі көрсеткіштерге талдау және бағалау жүргізілді: үнемділік индексі, үнемді технологияларды енгізу бойынша оқудан өткен қызметкерлердің үлесі, еңбекті оңтайландыру бойынша енгізілген бастамалардың үлесі, қағаз құжат айналымының қысқару серпіні және өндіріс тиімділігін анықтау мақсатында өндірістік циклды автоматтандыру үлесі.

Зерттеу нәтижелерін жүйелеп, талдай отырып, сандық экономиканың шындығына бейімделу жағдайында машина жасау саласындағы кәсіпорындардың тұрақты даму векторларына сүйенгіміз келеді.

Ірі кәсіпорындардың қызметінде үнемді және цифрлық технологияларды қолдану негізінде бизнес-процестерді дамыту бойынша тұжырымдар жасалды.

Түйін сөздер: үнемді экономика, цифрлық экономика, машина жасау кәсіпорындары, өндірістік шығын, өндірістік цикл, бизнес-процестер.

КІРІСПЕ

Қазіргі экономикалық дамудың ерекшеліктері машина жасау саласы алдында тұрған ауқымды сын-қатерлердің болуымен ерекшеленеді. Бұл проблемаларды жан-жақты зерттеу және шешу ірі бизнес субъектілерінің инновациялық инфрақұрылымын қалыптастыру үшін қажетті тетіктер мен құралдарды құрумен шектелмейді. Жаһандық тұрақсыздық жағдайында экономикалық серпіліске ықпал ететін инновациялық және технологиялық жаңғыртуға бағытталған үнемді технологияларды және өндірісті цифрландыруды пайдалана отырып, машина жасау саласының құрылымын нақты трансформациялау қажет.

Ғылыми мақаланың гипотезасы жаппай, үнемді және цифрлық өндірістің салыстырмалы сипаттамасы негізінде цифрлық экономика жағдайында үнемді технологиялар мен автоматтандырылған жүйені қолданудың негізгі қағидаларын анықтау болып табылады.

Зерттеудің әдіснамалық негізі машина жасау саласының тұрақты даму векторларының ұсынылған құрылымына сәйкес жасалған. Оларға мыналар жатады: үнемді экономика қағидаттары негізінде машина жасау кәсіпорындарының қызметін трансформациялау үнемді технологиялар әдістері мен дамудың цифрлық векторын пайдалануға дайын өндірістік қызметтің ауқымы мен түрлерін кеңейту.

